



28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Бұқаралық ақпарат құралдары – жаңалықтың жаршысы. Ел ішіндегі және әлемдегі оқиғалардан халыққа шұғыл әрі шынайы ақпарат тарату – сіздердің кәсіби еңбектеріңіз. Сондықтан, сіздердің қоғамдық маңызы зор қызметтеріңізге біз әрқашан құрметпен қараймыз, бағалаймыз. Менің тапсырмам бойынша Үкімет арнайы қаулымен Қазақстан журналистерінің кәсіби мерекесін бекітті.

Болашақты – саясаткерлер, өткенді – тарихшылар, ал бүгінгі журналистер ойлайды деген қағида бар. Бірақ, меніңше, журналистер болашақты да, өткенді де ойлайтын бірегей қауым деп айтуға болады. Халыққа ел ішіндегі оқиғалар жөнінде хабар таратып, шұғыл әрі шынайы ақпарат беру – сіздердің кәсіби міндеттеріңіздің арқасы.

Арыс қаласында болған төтенше оқиғалар жөнінде еліміздің түпкір-түпкіріне дер кезіне хабар тараттыңыздар. Бұл, әрине, барша халықтың жанына батқан оқиға болды. Осындай жауапты сәтте сіздер – отандық БАҚ өкілдері бүкіл Қазақстан жұртшылығы арыстық ағайынмен бірге екенін халыққа жоғары деңгейде жеткізе білдіңіздер. Барлық журналистерге алғысымды, ризашылығымды білдіремін!

Мемлекеттің әлеуетін нығайту, экономиканы дамыту, азаматтардың тұрмыс сапасын арттыру – бүгінде еліміздің алдында тұрған маңызды міндеттер. Отандық медиа-қауымдастықтың сындарлы негізде ұйысуы, журналистердің белсенді азаматтық ұстанымы, олардың кәсіби деңгейі және әділдігі – ақпараттық кеңістіктегі табысты жұмыстың негізгі шарттары. Мемлекет өз тарапынан БАҚ-қа қолдау көрсете береді.

Сайлауалды тұғырнамаларда саяси жүйені трансформациялау міндетін қойған едім. Оның негізі – мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы, жалпыұлттық міндеттерді шешуде БАҚ пен мемлекеттік органдардың сындарлы өзара іс-қимылын нығайту. Мен барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың басшыларына онлайн-қабылдаулар, жеке блогтар ашуға тапсырма бердім. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құруға бастамашылық жасадым. Қазіргі уақытта оның құрамына қатысты кеңес жүріп жатыр.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН,

ӘРІПТЕСТЕР!



ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

КЕШІРІЛЕТІН НЕСИЕ



Қарыз да ауру сияқты: «батпандап кіреді, мысқалдап шығады». Банктен алған несиеніз бар ма? Онда сіз сол қарыздан құтылуыңыз мүмкін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке табысы төмен, көпбалалы немесе асыраушысынан айырылған отбасылардың несиесін кешіру туралы бір реткі шара қабылдауды тапсырды. Кейбір отбасыларға үшін бұл үлкен көмек болғалы тұр.

Қарызын қайтара алмай, банкке берешек болып отырған азаматтардың жалпы саны 500 мың адамға жетеді. Сонымен, олар қандай санаттағы азаматтар? Мемлекет басшысының айтуынша, көмек көпбалалы отбасылар, асыраушысынан айырылғандар, мүгедек баласы бар ата-аналар, 18 жастан асқан мүгедектер, жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандарға көрсетіледі. Кешірілетін несиенің көлемі 3 миллион тенгеден аспайды.

СҮЙІНШІ!

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН АУДАНЫ



Жер-су атаулары қазақшаланып келеді. Енді Қостанай облысындағы Таран ауданы қазақтың суреткер жазушысы, ақын, драматург Бейімбет Майлиннің есімімен аталады.

САҒЫНЫШ САЗЫ

Қажытай ІЛИЯСҰЛЫ:

РАХМЕТ САҒАН, РУДА!

Шамаң келсе, шал-көмбірдің аузын бақ! Естелік жазуды ұмытпа! Бір күннің ішінде естіген жақсылы-жаманды оқиға, табылған жауап, тартымды сюжет сенің жеке мүлкің ретінде блокнотыңа түсіп қалуы қажет. Бәрін жазамын демеі-ақ көйін жазу үшін материал жина! Ондай ел ішіндегі күрделі тартысты зерттеу, өзіңе герой жасап алатын орай уысыңа бұдан былай түсе бермейді.



(Бұл туралы 8-беттен оқыңыздар)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
65,11

DOLLAR
378.65

EURO
430,07

РУБЛЬ
6

ФОТОРЕПОРТАЖ



Мұхаммед пен Мәлика:

Анашым, мына жиған теңгемізді
Арыстағы балаларға жіберіңізші!

(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

Дүйсенбі күні Түркістан облысының Арыс қаласындағы әскери бөлім аумағында болған қоймадағы жарылыс дүниені шыр көбелек айналдырып жіберді. Өртке қарсы қызмет пультіне алғашқы қоңырау таңертеңгі сағат 09:20-да түскен. Жойқын жарылыс соңы алапат өртке ұласып, тұрғындар соғыс жағдайында қалғандай күй кешті. Апатқа бірден назар аударған Мемлекет басшысы қорғаныс, ішкі істер министрлері мен Түркістан облысының әкіміне әскери бөлім қоймасындағы оқ-дәрі жарылысының зардаптарын жою бойынша шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды.

жазаланады. Алдағы уақытта Арыс жарылғыш құрылғылардың барлығынан тазартылуы тиіс», — деп жазды.

Жарылыстан әзірше ондаған үй мен қора-қопсы өртенді.

Президент қиын сәтте халықпен бірге болған еріктілерге де ерекше назар аударды. «Арыс тұрғындарының игілігі жолындағы ауқымды әрі пайдалы еңбектері үшін барлық волонтерлерге ризашылық білдіремін. Зардап шеккендердің жағдайы шынымен де қиын. Мемлекет оларға көмек береді. Қала мен тұрғын үйлерді қайта қалпына келтіреміз», — деп жазды Президент twitter



ҚАЛА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕДІ

Арыстағы апат елімізде бұрын-соңды болмаған оқиға ретінде тіркелгені анық. Облыста төтенше жағдай жарияланып, қала тұрғындары Шымкент қаласы мен жақын маңдағы аудандарға көшірілді. 50 мыңға жуық отбасы өз үйін тастап шықты. Сол күні бесін кезіндегі мәліметке қарағанда, Шымкенттегі №1 қалалық клиникалық ауруханаға 40-тан астам адам түскен. От ұшқынынан күлге айналған үйлер мен ғимараттар, көліктер де жеткілікті. Бұл жайсыз жағдайға бей-жай қарай алмаған Президент кешке қарай апатты аймаққа жетті. Ең алдымен қайтыс болған азаматтың жақындары мен туыстарына көңіл айтты. Кару-жарақ қоймасындағы жарылыстардың зардаптарын қалпына келтіру жөніндегі жедел штабтың отырысын өткізген соң, бірден эвакуация орталығына бас сұғып, қиын сәтте қалған жұртшылықпен жүздесті. Қазіргі жағдайларын сұрап, тұрғындардың сұрақтарына жауап берген Қ.Тоқаев: «Қаланы қалпына келтіреміз, сәл сабыр сақтаңыздар. Бұл төтенше жағдай. Апат. Үкімет қаражат бөледі. Біз сіздерге көмектесеміз. Барлығы жақсы болады.

Сіздерді жақсы түсініп отырмын. Сол үшін арнайы келдім», — деді.

Ел-жұрт қиын сәтте қастарынан табылып, ой бөліскен Президентке алғыс айтты. Одан кейін Қасым-Жомарт Кемелұлы облыстық клиникалық аурухананың бас дәрігері Марат Пашаевтан зардап шеккендердің жағдайын, көрсетіліп жатқан көмек туралы сұрады. Аурухананы аралап, жарақаттанған азаматтармен де тілдесті. Олардың тезірек жазылып кетуіне тілектестігін білдіріп, жақында арыстықтардың қалыпты өмір сүруге үйлеріне қайта оралатындығын жеткізді. Мемлекет басшысы түнделетіп, қауіп-қатерге қарамастан, қираған үйлерде де болды. Аймақ басшылары мен әскери мамандардың пікірін сұрады. Алда атқарылатын шараларды пысықтады. Ең алдымен үкімет қаражат бөлу үшін шығын мөлшерін нақты есептеуі керектігін тапсырды. Сонымен қатар техногендік апаттың себептерін мұқият тексеруді талап етті. Бұл туралы Twitter желісіндегі ресми парақшасында: «Жарылыстың себептерін анықтау қажет. Қылмыстық іс қозғалды, тергеу-тексеру басталды. Егер кінәлілер болса, олар заңмен қатаң

парақшасында. Мемлекет басшысы өзінің бір күндік еңбек жалақысын жарылыстан зардап шеккендерге көмек беру қорына аударып, ел азаматтары қатарында қол ұшын созды.

Иә, Арыстағы аласапыран елдің қабырғасын қайыстырды. Қиын-қыстау кезеңде қазақ халқы, өзге де ұлт өкілдері жұлдырықтай жұмылып, мейірім мен бірліктің үлгісін көрсетті. Арнайы ашылған есепшотқа қаржы аударылып, азық-түлік тиелген көліктер еліміздің барлық аймақтарынан келіп жатыр. Тіпті әлдене алуға қызығып қаражат жинап жүрген бұлдіршіндер де сары майдай сақтаған тиындарын ата-анасы арқылы Арысқа жіберуді сұрап жатыр. Осындай деректер мен дәйектерді төмендегі суреттер айғақтайды.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Бет қатталып жатқанда:

Кеше Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев 27 маусым күні таңертеңгі сағат алтыдан бастап Арыс қаласына жол ашылатынын хабарлады. Енді отбасылар өз шаңырақтарына орала алады.

Әлеумет.t⁰



КӘСІБИ ЖУРНАЛИСТ пен ӘУЕСҚОЙДЫ АЖЫРАТА БІЛЕЙІК

Жылда қаламгерлердің төл мерекесі тұсында әр мекеме өз деңгейінде журналистерді құттықтап, марапаттап жатады. Осы жылдың сүйінші жаңалығы — Үкіметтің 28 маусымды кәсіби мереке етіп бекітуі болса керек.

Тың жерді игеру оңай емес. Ал тың тағдырлар мен құбылыстарға түрен салу — журналист мойнындағы іс. Өйткені қалам ұстаған ағайын күнде, тәулік бойы халық тағдырын хаттап, жариялап жатады. Әрине, олар мұндай маңызды миссияны орындап жатқанын дабырайтауы да мүмкін. Таңның атысы мен күннің батысы алуан ақпарат таратып, әлемге жар салу немесе ел санасына сіңіру — қазіргі технологиялар үшін түк те емес.

«Ақпарат — ең қымбат тауар» деген тұжырым бар. Расында, ол — әрі байлық, әрі қор. Ал байлықтың үстінде отырып, кедейшілікке тап болатын журналистердің еңбегі лайықты бағаланып отыр ма? Қоғамның барлық саласының жай-күйін танып, тынысын сезіп, тамырын ұстауға олар қаншалықты қабілетті? Қысқаша айтқанда, журналистердің әрдайым елдің алдыңғы шебінен көрінуге білімі мен білігі сәйкес пе? Әрине, оны таразылайтын — оқырман мен көрермен.

Құдайға шүкір, тәуелсіздік таңы атқалы бері цензура келмесе кетті. БАҚ еліміздің қазақстандық үлгіде қол жеткізген табыстарын, кездескен кедергілері мен орын алған кемшіліктерін қал-қадерінше айтып келеді. Әлі де болса соның баршасын талдап-таразылауға журналист қауымының елшіл дәрмені мен мемлекетшіл ой-өрісі қаншалықты жетіп жатыр? Жұрт үшін жасалған жұмысты, тындырылған тірлікті әсіре мадақтан ада, тағылымды етіп жазуды — профессионализмге балаудың негізінде кандай өлшем тұр? Осы сұрақтардың жауабын іздесек, әуелі кәсіби маман даярлау мәселесіне барып тірелеміз. Екіншіден, кәсіби журналистерді әуесқой (яғни, кәсіби емес) журналистерден ажырату нарықтық қатынастар болуға тиіс.

Бүгінде салалық мамандану үрдісінен ауып немесе адасып кеткендейміз. Оның маңызды бір мысалы — озық 30 елдің қатарына ену мақсатын алға қойған тұста халықаралық журналистика тынысын аша алмай отырғандығымыз. Бұл жерде барлық мәселені қаражатқа тіреп қою — жауаптан жалтарудың кері. Көрермен көзін жаттың ақпаратына сүзгізіп, бөгденің хабарына телмірткенше, өз ақпараттық өнімдерімізді неге өзіміз түзіп, өзіміз екшеп, өзіміз таратпаймыз? Дүниеге көрші мен қонысның көзімен қараудан жалығатын кез келді емес пе? Оң аяқпен аттап, «әп-бәрекелді!» басталған рухани жаңғыруды жақсы істермен жалғастыру барысында санамызда ақпараттық қалқан болмаса да ақпараттық сүзгі бекемдеген түсті. Қайсыбір кездегідей, көлденен көк аттының көрсеткенін ғана көретін, айтқанына ғана еретін заманнан ұзап кеттік. Бұған тағы бір тәуба!

Журналист — ел мен елдік мінбер арасындағы алтын көпір. Дана халқымыздың, еңселі еліміздің бірлігіне, білімі мен білігіне өмірін арнаған, алайда бай тәжірибесін, есті сөзін жұртқа жеткізуге аса ұмтыла қоймайтын адал азаматтарды табатыны да сондықтан. Әрине, журналистикаға да кемел білім, биік парасат пен терең байыптылық керек.

Сонымен бірге, біз өмір сүріп жатқан қоғамда, өкінішке қарай, журналисті жарықау — аз, жатырқау — көбірек екенін де айтпауға болмайды. Бұл қасандықты өзгерту қажет деп ойлаймыз. Жалпы, кез келген кәсіптің мәртебесін көтеру заңның еншісі емес, сол кәсіп иелерінің жұмысына, беделіне, яғни өздеріне тікелей байланысты екені ақиқат. Мәселен, әрбір журналист «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, оның барлық баптарын жетік білсе, мемлекеттің қамқорлығын сезіп қана қоймай, өзінің кәсіби міндетін кедергісіз, тосқауылсыз атқару мүмкіндіктерін кеңейте алатынына көз жеткізер еді.

Күн тәртібінде тұрған тағы бір мәселе — БАҚ үшін мемлекеттік тапсырыс көлемін ұлғайту, оны орындау критерийлерін өзгерту болса керек. БАҚ саласындағы мемлекеттік тапсырыс — облыс, қала әкімдерінің жеке-дара тапсырысы емес, ол мемлекеттік саясатты жүзеге асыру механизмі болуға тиіс. Кәсіби ортада «журналисті аяғы асырайды» деген қағытпа бар. Расында да, өзге маман иелерімен салыстырғанда оның өмірі де, жұмысы да көбіне жолда, іссапарларда өтетіні — шындық. Кейбір өркениетті елдерде қолында арнайы құжаты бар журналистің жолаушы билетін алуға, көлігін кез келген тұраққа қоюға, төтенше оқиғаны журналистік әдеп кодексіне сәйкес жазып-көрсетуіне мүмкіндік берілген. Мұндай халықаралық тәжірибені неге оқып-үйренбеске, зерттеп-зерделемеске? Қолайлы үлгісін елімізде де енгізуге болатын еді.

Сонғы кезде ақпараттық құралдардың желі мен буына арқа сүйеген әсіре айғайшылар, сусылдап-зуылдағандар пайда болды. Мықтап ойласак, бұл үрдістің де тек тамырын табу қиынға соқпас. Оқырман мен көрермен айы онынан, жұлдызы солынан туған ондай пысықайлардың жетегінде кетсе, әйтеуір саланың обалын кәсіби журналистикадан іздемесе екен деп тілейміз. Әлбетте, бәріне уақыт — төреші. Қазақ — сөзге тоқтаған халық. Ендеше ол қазір де, келешекте де тоқтамы мен тәубесінен жаңылыспас деп ойлаймыз.

Дархан МЫНБАЙ,
Мәжіліс депутаты,
журналист



Фоторепортаж

АРЫС, БІЗ БІРГЕМІЗ!



Фотолар:
Internet

Мерекелік сұхбат



Jas qazaq: Намазәлі аға, келе жатқан төл мерекеніз құтты болсын! Шер-ағамыз айткандай, «Арқалағаны алтын, жегені жантақ» журналистердің емініп алғандай болған мерекесі жылда елеусіз ғана өтіп кетеді. Мұны қалай түсіндіруге болады?

Н.Омашев: Журналистер мерекесі бірнеше рет өзгерді. Кеңес үкіметінің кезінде бұл мерекені екіге бөлетін. Біреуі — «Правда» газетінің шыққан күні 5 мамырда, екіншісі радио күні деп 7 мамырда өткізетін. Тәуелсіздік алғаннан кейін, марқұм Алтынбек Сәрсенбаев ақпарат министрі болып тұрғанда 28 маусымды белгіледі. Ол күнді белгілеудің себебі — сол 28 маусым БАҚ туралы заң қабылданған күн болатын. Бізбен ақылдасты. Мен бұл мерекені тарихпен сабақтастырып, «Дала уәлаяты», «Қазақ газеті», «Айқап» журналы сияқты «халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болған алғашқы басылымдардың шыққан күнін белгілейік дедім. Бірақ Алтынбек «Тәуелсіз Қазақстанның БАҚ туралы заңы қабылданған күн дұрыс» деді. Солай болды. Тамыздың соңғы жексенбісі —

Намазәлі ОМАСHEB,
журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры:

ХАЛЫҚҚА КЕРЕГІ — НАҒЫЗ МАМАН

Құрылысшылар күні. Сол сияқты журналистер күнінің де нақты уақыты болмасын, бір айдың соңғы жексенбісін белгілейік дегендер де болды. Сөйтіп, төл мерекемізге деген көзқарас солқылдақтық танытты.

Кеңес үкіметінің кезінде баспасөз күнін дүркіретіп атап өтіп, түрлі мекемелерден құттықтаулар ұйымдастырылып жататын. Қазір олай емес, елеусіздеу өтетіні рас. Бірақ соңғы жылдары ақпарат министрі Дәурен Абаев «Үркер», «Тұмар» сияқты ұлттық бәйгелер тағайындады. Осымен үшінші жыл сол бәйге беретін комиссияның құрамындамын. Сыйлық беретін күні Нұр-Сұлтандағы журналистер мен облыс, аудандардан келген бір-сараң тілшілер ғана бас қосады. Бірақ жалпы қазақ журналистерін қамтитын мерекеге айнала алмай жатыр. Солқылдақ болып тұрғаны сол.

Jas qazaq: Сіз өмір бойы журналист мамандар дайындауға атсалысып келе жатырсыз. Аға буын журналистер арасында алыпқашпа әңгіме көп. Көпшілігі Темірбек Қожакеев пен Тауман Амандосов ағамыздың кездерін сағына еске алады. Қазір сапа емес, сан қуу көп дейді. Ал қазіргі журналистерді дайындап жатқан мектеп нашар ма, ұстаз әлсіз бе?

Н.Омашев: Біріншіден, Амандосов пен Қожакеевтің тұсында журналистерді дайындайтын қазақтың маңдайына біткен бір ғана факультет болды. Ол Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультеті еді. Орыс, қазақ екі бөлімі ғана бар еді. Гранты да шамалы: 50 бала қазақ бөліміне, 50 студент орыс тобына түсетін. Оқуды екі топтағы 80 студент өрен бітіріп шығады. Қазір еліміз бойынша журналистерді дайындайтын оқу орындарының саны жиырмадан асып жығылады. Сан жағынан көп, сапа жағынан, әрине, төмен. Өйткені, қандай жағдай болса да, біз үшін журналистерді дайындайтын жиырмадан артық бөлімнің мүлдем қажеті жоқ. Өйткені, осы оқу орындарының бәрінде базалық дайындық кемшін. Оқытушы аз. Содан кейін заман талабына жауап беретін қажетті техникалық құрал-жабдық жетіспейді. Министрліктің 18 миллион халқы бар елімізге осыншама журналистика факультетін ашуға рұқсат бергеніне таным бар. Біз миллиард халық тұратын алпауыттарды айтпағанда, айналамыздағы Ресей, Түркия сияқты елдермен де халық саны жағынан шендеспейміз. Қысқасы, соншама көп журналистика факультетін ашуға, жыл сайын соншама көп журналист дайындауға қоғам тарапынан қажеттілік жоқ деп ойлаймын. Бұл жайындағы пікірімді ашық айтып та жүрмін. Бұл — бірінші себеп.

Екінші себеп — Амандосовтың кезінде студент болдым. Қожакеевтің тұсында алғашқы жылдары студент, кейін әріптес болып бірге жұмыс істедім. Ол кезде оқу жоспары деген өте қарапайым болатын. Қазіргі оқу жоспарын түсіну қиын. Министрліктегі ауыс-түйістің кесірінен саны бар, сапасы жоқ пәндер көбейіп кетті. Бір пәнді біреуі енгізсе, екінші пәнді тағы біреуі қосып жатады. Жоғары жактағылардан жүйелі жұмыс болмағандықтан, осындай жағдай туындап отыр. Оқытушыға да, студентке де жүктеме көп. Айталық, Бекқожин кезінде «Қазақ журналистикасының тарихын», Амандосов «Баспасөз жанрларын» оқыды. Темірбек Қожакеев фельетоннан дәріс беретін. АҚШ-та да солай. Бір оқытушы бір пәнді ғана оқиды. Бір штаттан екінші штатқа ұшып барып, лекциясын оқып жүре береді. Ал бізде мүлде басқаша. Бір оқытушы бірнеше

пәнді қатар игерген. Сан көп болған соң одан тәуір сапа шықпайды. Бұл жеке бір факультеттегі жағдай емес, жалпы білім жүйесіндегі кемшілік.

Jas qazaq: Өзіміз көріп жүрген шындықты айтайық. Журналистика факультеттерінде оқып жүрген жас журналистер редакцияға келеді. Бәрі практикadan алшақ. Жанрды білмейді. Очерк пен репортажды бір-бірінен айыра алмайды. Жазу түгілі, газет-журналдардың атын шатастыратындардан қандай журналист шығады? Сауатсыздыққа неге бой алдырып алдық?

Н.Омашев: Менің бакалаврға лекция оқымағаныма он шақты жыл болды. Өйткені, қазіргі қызметім басқа. Сондықтан маған Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика факультетінде жарты жүктемемен ғана сабақ беру тапсырылған. Оның өзінде магистранттар және докторанттармен ғана жұмыс істеймін. Сіздің айтып отырған сын-ескертулеріңіз өте орынды. Журналистика бойынша доктор, ғалым жоқ. Филология мен тарих бойынша ғана бар. Солар сабақ береді. Тағы да қайталап айтайын. Еліміздегі жиырма шақты университетте дәріс беретін ұстаздардың ішінде журналистика ғылымы

бойынша ғылым кандидаттары бар, докторлар жоқ. Диссертациялық кеңес жабылып қалған. Докторлық қорғайтын мүмкіншілік де болмады. Докторлықты Барманқұлов екеуміз Мәскеуден қорғап келгенбіз. Содан кейінгі тағы бір себеп, білікті редакторларға журналистика факультетіне сабақ бергізуге болатын еді. Бірақ оларға төленетін ақша мардымсыз. Ешкім қызықпайды. Сондықтан талантты редактор, мықты журналистер келіп сабақ бермейді. Міне, осындай нақты себептері бар. Сол үшін қалалардағы журналистика факультетінің бөлімшелерін барынша азайтып, бір орталыққа шоғырландыру қажет. Саны бар да, сапасы жоқ журналистиканың бөлімшелеріне сабақ беріп жүрген аты белгісіз оқытушыларды азайтып, оларға төленетін қаржыны білікті ұстаздарға төлеп, журналистерді санаулы жерде ғана оқыту керек.

Менің ойымша, республика бойынша төрт-бес оқу орнында ғана журналистерді дайындаған дұрыс. Мәселен, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында, Шығыс Қазақстан мен Түркістан, сосын батыс облыстан бір университетте ғана журналистика факультетін ашса жеткілікті. Сонда білімнің сапасы артады, маманның біліктілігі артады. Сіз, шындықты айтып отырсыз. Қазіргі студенттер түгілі, оқу бітіріп жатқан жас журналистердің өзі журналистиканың жанрларын білмейді. Тіпті ақпарат жаза алмайды.

Jas qazaq: Америка, Еуропа, Жапония, Түркия сияқты елдерді айтпағанда, бұрынғы кеңестік республикалардың бәрінде газет-журнал біздегіден көп. Оқырмандары да азаймаған. Интернетпен ақпарат тарату сияқты электронды журналистика қазақ журналистикасының қасіретіне айнамай ма?

Н.Омашев: Мен 1998-2000 жылдардың басында Америкаға алғаш рет барғанда, сол жакта интернеттің біздегідей гүлденіп тұрғанын байқадым. Таңғалдым. Біз сол деңгейге қазір жеттік. Қазақ журналистикасы да сорлы емес екен. Бірақ бізде журналистика ғылым ретінде дамымаған. Біз жаксы жазатын, сөзді мын құбылтатын, сөздің сәулесін ойнататын, көркем жазатын журналистерді мықты санаймыз. Ал шындап келгенде, қоғамның түйткілін жазатын, экономиканың қыр-сырын, ақша-қаржы салатын жетік білетін, әлемдік саясатты саралай алатын, халықаралық қарым-қатынасты парықтайтын, экология мен туризмді түсінетін журналист — ол нағыз маман. Дәл қазір халыққа керекті сол. Дегенмен, нәрлі тіл, әдемі сөйлеу, сөздің сәулесін түсіру — қазақ журналистикасының артықшылығы.

Әуелдегі сұрағына келейін. Интернет дамуының, интернет журналистиканың пайдасы көп. Бірақ мұны кәсіби журналистика деп айта алмаймын. Оқымаған жастарды қара жүрек жасайтын жаман жағы бар мұнын. Интернет деген мәдениеті аздау, былапты молдау, елеу-екшеу, тектеу деген атымен жоқ бөйөдегі дүние боп тұр біздің ел үшін. Өркениетті елдерде әрбір адамның ішкі түйсігі қалыптасқан. Олар әдептен аспайды. Бізде керісінше. Дәл қазір пайдасынан гөрі қазаққа зияны артықтау сияқты меніңше.

KÓKEIKESTI

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz



міндеті мен қызметі — ақпарат беру. Әркім өз жұмысын істеуі керек. Әртіс сахнада ойнасын. Журналист эфир жүргізсін. Біздегі телеарналардың ең үлкен қателігі сол — театрда ойнай алмаған беті жылтыр қыз-жігіттерді эфирге шығарып, журналистердің нанына ортақтастырады.

Jas qazaq: Қазір әнші-әртістер арасында журналистиканы танымалдылық үшін оқитындар бар. Тіпті журналистика факультетінің магистратурасы мен докторантурасына тележүргізушілер, телеарнаның басшылары мен әртістер түсетін үрдіс пайда болды. Олар — сол магистр немесе докторлықты ғылым ретінде пайдаланбайтындар. Жай ғана танымалдылық үшін түсіп алады. Оның үстіне оқу тегін. Осыған неге жол беріп отырсыздар?

Н.Омашев: Әрине, бұл дұрыс емес. Диссертациялық кеңесті неге жапты? Ол Қазақстанда ғана жабылды. Өйткені, бір жылдары еліміздегі шенеуніктердің бәрі диссертация қорғаумен айналысып кетті. Облыс әкімі, оның орынбасарлары, тіпті аудан басшылары да, қысқасы, қолында билігі бардың бәрі диссертация қорғауға жаппай көшті. Кейін керек болады деген бакай есеп шығар. Осылайша, бәрі диссертациялық кеңестің жабылуына себепші болды. Сол сияқты қазіргі магистратура мен PhD докторантура ашылғалы басқа мамандық иелері

ӨМІРДЕРЕК

Намазәлі ОМАСHEB — филология ғылымдарының докторы, профессор. Журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры. Журналистика саласы бойынша бірнеше кітаптың авторы.



келіп, өзі санаулы грантка таласып-тармасатын жағдай қалыптасты. Бұл да оқу ісінің дұрыс жүргізілуімен туындаған жағдай. Журналистика ғылымының PhD докторантурасына бір-екі ғана грант беріледі. Дамымай отырған кенже ғылым бұл. Сол журналистерге берілген бір-екі тал грантка басқа мамандық иелері келіп, ебін тауып түсіп алады. Сөйтіп, журналистика ғылымын дамытатын маман шет қалып қояды.

Jas qazaq: Оларды неге түсіресіздер?

Н.Омашев: Негізі жоғары жактан шектеу болуы керек. Журналистикамен ғылым ретінде айналысатын адамға ғана грант берілісін деген заң болуы қажет. Ондай шектеу болмаған соң әрбір декан, әрбір кафедра менгерушісі грантты кімге беретінін өзі біледі. Пенделілік пен көңіл жықпастық барлық жерде бар. Әуелдегі базалық білімі басқа адам не журналист болып жарытпайды, не журналистика ғылымының көсегесін көгертіпейді.

Өткенде бір телеарнаның тікелей эфирінде отырғанда маған осындай сұрақ қойылды. «Еуразия ұлттық университетінің журналистика факультетінің магистратурасына түскендердің тең жартысы басқа мамандық иелері екен. Ақша беріп түседі екен» деген сұрақ болды. Мен айттым: «Біріншіден, ол жұмыстан кеткеніме он шақты жыл болды. Екіншіден, мен сот та, прокурор емеспін. Ондай ақша бергені анық болса, арыз жазындар. Сотқа беріндер. Деканы бар, басқасы бар жауап берсін» дедім. Журналистиканың бұл мәселелерін айтып жүрмін. Тыңдайтын құлақ жоқ.

Jas qazaq: Сосын, қазір журналистикамен екінші бірі айналысады. Блогер де, зангер де, зейнетке шыққан мұғалім де журналист. Еріккеннің ермегіне айналды. Осыған кім жол берді?

Н.Омашев: Қоғамда көпшіліктің журналистикаға атсалысуы жақсылықтың белгісі. Дамыған елдерде қоғамдық сана алдыңғы орынға шығады. Оған қызғанбаған дұрыс. Әңгіме кәсіби журналистердің аздаған орнын, грантын басқалардың алып қойып, соларды билеп-төстеп кететіндігіне болып тұр. Журналистиканың басына журналист емес адамды қояды. Жалпы журналистердің табиғаты — қоғамға сыни көзқараспен қарайды. Оны ана басқа саладан келген, аяқ астынан журналистикаға тап болған басшылар ұнатпайды. Ондай редакторлар «ләппай тақсырларды» ғана қасына алады. Шындықты айтатын, қоғамда болып жатқан құбылыстарға сыни көзбен қарайтындарды онша құп көрмейді. Кейбір редактор өзінің көзқарасына келмейтін, стилі басқашалау журналисті онша ұната бермейді. Баяғыда Сейдахмет Бердіқұлов, Шерхан Мұртаза ондайға жібермейтін. Қазіргілер ойы, жазуы бөлектеу адамды газетке де, телеарнаға да сыйдырмайды.

Содан соң қазір блогерлерге тілдей бірдеме жазғаны үшін журналистің бір айлығын беретін жағдай қалыптасыпты. Міне, бұл да кәсіби журналистиканы құрғатын, осы салаға деген қоғамдық пікірді өзгертетін дүние деп ойлаймын...

Сұхбаттасқан
Жарас КЕМЕЛЖАН

өкілдері деп жүр ғой.

Бірақ беті жылтырағанның бәрі өнерпаз емес. Ал қазақ «Өнер алды — қызыл тіл» дейді. Демек, беті жылтыраған әлгі жүргізушілер сөздің мәнін журналистердей түсінбейді. Олар құнарлы сөзді өз жанынан шығарып айта алмайды. Жаттап алған екі ауыз сөзді айтып шығады. Сонысына мәз, өзін әлдеқандай тележүргізуші сезініп отырғандары. Телеарналардың кемшілігі — жылтырақ дүниені алдыңғы қатарға шығарып жіберді. Дамыған елдерде олай емес. Еуропада, Америкада болдым. Мұрны тарбиған, көзі бақырайған Уинфри Опра деген тележүргізуші бар. Оның түрін көрсен, тіксініп қаласын. Сол Опраны IBC, NBC телеарналары миллион доллар ақша беріп, жұмысқа шақырды. Опра қай арнаға барса, соның рейтингісі сол жылы басып кетеді. Бұл жердегі құпия — сөздің құдіреті. Ол сөздің майын тамызып сөйлейді, орнымен қолданады. Тіпті көріп отырған көрерменді өзіне тартып, оның құдіреті арбауында жатыр.

Біздегі телеарналардың басшылары жап-жас қыздарды эфирге шығаруға асық. Ал шетелдерде олай емес. Журналистикада ұзақ жыл қызмет еткен, әбден ысылған сақа тілшілер ғана эфир жүргізеді. Өйткені, ол журналистер біріншіден, кәсіби. Екіншіден, сөздің қадірін біледі. Мәнді, дәмді сөйлей алады. Телеарна — театр емес. Беттің жылтыры қажет емес оған. БАҚ-тың басты



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

NARYQ

Өрлеу

Парламент Мәжілісіндегі Nur Otan партиясы фракциясының мүшесі, Мәжілістің экология және табиғатты пайдалану комитетінің төрағасы Глеб Щегельский бастаған комиссия Ақмола облысында болып, аймақтағы автокөлік жолдарының жайымен танысты.

ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРДЫ

Жол — экономиканың күре тамыры екендігі әмбеге аян. Астықты өңірдегі әсіресе, шалғай аудандардағы жол сапасы мүлдем нашарлап кеткені де рас. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, ұзақ жыл жөндеу көрмеді. «Ауыл арасындағы жолдың адам көргісіз күйге ұшырауы ең алдымен ауыл шаруашылығы құрылымдарының кінәсінен», — дейді Зеренді ауданындағы шаруа қожалығының басшысы Құлан Болатов. — Біздің өңірде күз лайсан. Арқаның ақ жауыны апталап төнеп бергенде жолыңыздың өзі жас баланың еңбегіндей былқылдап жатады. Енді осы жолдың үстінен салмағы

орынбасары Александр Рублевский мен автомобиль жолдары бөлімінің жетекшісі Владимир Кулаков атқарылған жұмыстар жайында егжей-тегжейлі әңгімеледі.

«Біздің баскармаға жүктелген негізгі міндеттердің бірі — облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары желісінің құрылысы, қайта жанарту, жөндеу және қалыпты ұстау», — дейді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының орынбасары Александр Рублевский. Қазіргі күні өңірдегі жергілікті маңыздағы автомобиль жолдарының қашықтығы 5626 шақырымды құрайды. Мұның 2661 шақырымы облыстық және 2965 шақырымы аудандық атқарушы органдардың қарауында.

ШАРАПАТЫ МОЛ ШАРУА АУЫЛҒА БЕТ АЛДЫ



ҚЫРКҮЙЕКТЕ КҮРЕ ЖОЛМЕН ЖҮРЕМІЗ

Депутаттар алғашқы болып Нұр-Сұлтан-Шучинск автобанының жолақы алатын бөлігіндегі жол бойы қызметінің нысандарын аралады. «Қазавтожол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы филиалының басшысы Талғат Смағұлов атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Бұдан кейін депутаттар ұзындығы 80 шақырымдық Шучинск-Зеренді автожолының құрылысын көрді. Екі курортты аймақты қосатын күре жолдың өңіріміздегі туризмді дамытудағы рөлі зор. Осыған байланысты мемлекеттік бағдарламаның қалай жүзеге асып жатқанын мәдениет және спорт министрлігі туризм индустриясы комитетінің басшысы Жалғас Балғожин мен облыс әкімінің орынбасары Марат Иғалиев баяндап берді.

Курортты аймақтарды жалғастыратын жолда қайта жаңғырту жұмыстарының қалай атқарылып жатқаны жөнінде BI Road Construction бас директоры Арман Жәкенов айтып берді. Қазіргі күні жол құрылысына 700-ден астам маман, 150 жол техникасы тартылған. 3,5 миллиард теңгенің жұмысы игеріліпті. Жоспарланған жұмыстың 85 пайызы атқарылған. Жоспар бойынша жол құрылысы биылғы жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқталады. Жол пайдалануға берілген соң курортты аймақтың арасында көлік қатынасы жақсарып, бұның өзі туризмді дамытуға тың серпін бермекші.

40 тонналық астық артқан автокөліктер жүрген кезде несі қалсын?! Былтыр қара жолдың үстінде «КамАЗ» автокөлігінің батып жатқанын көріп тан қалғанмын. Сөйтсем, зілмауыр салмаққа шыдамай, тас жолдың өзі езіліп кеткен екен. Осы арада мынадай бір мәселені көтергім келеді. Бұдан ондаған жыл бұрын салынған, қаншама жыл жөндеу көрмеген көне жолдың игілігін көріп отырғаннан кейін жанағы ауыл шаруашылығы құрылымдары тым болмаса, жолдың бетіндегі ойдым-ойдым ойыққа қиыршақ тас төсеп тастаса ғой. Оның өзі ұзаққа бармайтын жөндеу. Көліктің табанымен бірте-

Баскарма басшысының айтуына қарағанда, ағымдағы жылы көлік инфрақұрылымын дамытуға 19,7 миллиард теңге мөлшерінде қаржы бөлінген. Аз қаржы емес. Тиімді пайдаланса, өңірдің өні кіріп қалатын түрі бар. Осынау мол қаржының 13,1 миллиард теңгесі республикалық, 6,6 миллиард теңгесі облыстық бюджет есебінен бөлінген. Бұл қаржы 403,9 шақырымдық жергілікті маңыздағы жолдар мен көше-жол желілерін жөндеуге мүмкіндік береді.

Сәл таратып айтқанда, 58,5 шақырым жол қайта жаңартылып, 286,2 шақырым жол күрделі және орташа жөндеуден өткізілмек. Оның үстіне 60 шақырым жолға ағымдағы жөндеу жасалады. Міне, осы шаруалардың барлығы тап-тұйнақтай атқарылған кезде, бұған дейін жол азабын тартып жүрген жолаушылар мен жүк тасымалдаушылар бір жасап қалмақ. Әрі



«Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының желісін дамыту халықтың ұтқырлығы мен материалдық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, көлік шығыстарын және тасымалдау уақытының шығынын төмендету есебінен ауыл экономикасының өндірістік мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын дамыту және олардың техникалық жағдайын нормативтік талаптарға сәйкес келетін деңгейге жеткізу мақсатында мынадай жұмыс түрлері іске асырылатын болады».

(Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасынан)

бірте тас ұшып кетеді. Бірақ жарты жыл кәдеге асуы әбден мүмкін. Осы мәселені жоғарыдағылардың құлағына жеткізсе деп ойлаймын.

Шаруа қожалығы басшысының жан шырлы шыңдық. Өзіміз де көріп жүргенбіз. Бірақ соңғы уақытта жолға көңіл бөліне бастағандығын айтуға тиістіміз. Астықты өңірде қазіргі күні жергілікті маңызы бар жолдардың

тауар тасымалдау да жақсара түспек. Қарапайым халыққа да көл-көсір пайдасы бар.

«Біз жолаушылар тасумен айналысамыз. Шынын айтқанда, жолдың нашарлығынан бар тапқанымыз онсыз да қауіп тұрған көлікті жөндеуге кететін», — дейді көкшетаулық көлік жүргізушісі Есімжан Жаппасов. — Әсіресе, көліктің жүргізу бөлшектері шак келмейді. Қазір Атбасар, Сандықтау, Жаксы, Жарқайың бағытындағы жолдар көп-көрім жақсарып қалды.

Өңірдегі жол қатынасының жақсаруына бірнеше бағдарлама себепші болып отыр. Атап айтқанда, Нұр-Сұлтан қаласына іргелес елді мекендерді дамытудың кешенді жоспары, Шучье-Бурабай курорты аймағын дамыту, «Ауыл — ел бесігі», монокалаларды дамыту бағдарламалары аясында қыруар жұмыс атқарылуда.

Әр жыл сайын дәл осындай жөндеу жұмыстары жүргізілсе, жақсылық шарапаты шалғайдағы елді мекендерге де жетіп қалуы әбден мүмкін.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Серпін

Көшедегі дүкен мен базарда тұрған кедімгі қаптың түп-тегі полимерге, одан әрі «көгілдір отынға» барып тірелетінін біреу білсе, біреу білмес. Қазбаласан,

Атыраудағы арнайы экономикалық аймақта орналасқан зауыттың бұйымы болып шығады. Бірақ оны жасауға қажетті полипропилен түйіршектері (гранула) көрші елдерден жеткізіледі. Ал сол өңірде салынып жатқан аса ірі газхимия кешенінің құрылысы аяқталғанда өлгі түйіршікті өзіміздегі газды өңдеу арқылы алуға болады.

Өткен жетіде «Самұрық — Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры АҚ Баскарма төрағасы Ахметжан Есімов, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ Баскарма төрағасы Алик Айдарбаев және Атырау облысының әкімі Нұрлан Нөғазев тәуелсіз мемлекетіміз тарихында тұңғыш газхимия кешенінің құрылысымен танысты. Алып кәсіпорынның алғашқы фазасы 500 мың тонна полипропилен, яғни қазір әлемде жаппай сұранысқа ие полимер өндіруді көздейді. Оның кереметіне мақала барысында тоқтала жатармыз. Әзірге отандық мұнайгаз саласының әлеуетін арттырып қана қоймай, ұлттық экономиканы өртараптандыруға айтарлықтай үлес қосатын осы кешен жөнінде айта кетсек.

Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. (KPI) компаниясы осынау инвестициялық ірі жобаны бұдан біраз жыл бұрын Атырау облысындағы «Ұлттық индустриалдық мұнайхимия технопаркі» арнайы экономикалық аймағында қолға алған болатын. Былтырғы маусым айында жоба «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясына (КМГ) сенімді басқаруға берілгеннен кейін кең ауқымды құрылыс жұмысы жандана басталды. Бұл дер кезінде қабылданған оңтайлы шешім еді. Өйткені, жана менеджмент аз уақыттың ішінде ауыз толтырып айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Өлгі жобаны іске асыруда ілгерілеу (*прогресс*) көрсеткіші бүгінде 6 пайыздан 34 пайызға дейін жетті. КМГ аталған нысанның құрылысын 2021 жылдың ортасында аяқтауды көздеп отыр. Сол кезде пропандин дегидратациялау (*PDN*) және пропиленді полимеризациялауға арналған негізгі технологиялық қондырғылар салынуы тиіс. Соңғысы әлемдегі полимер өндірісінде лидер болып табылатын Lummus Technology компаниясының лицензиясына сай технология бойынша жүзеге асырылмақшы. Бұған қоса, мұнда 32 ірі инфрақұрылым нысаны бой көтереді.



Алып кешендегі құрылыс барысы жөнінде мағлұмат берген «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ баскарма төрағасының өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары Данияр Тиесов кәсіпорынның бас жоспары мен қажетті технологиялық сызбалар, жұмыс құжаттарының бекітілгенін, 1200 адам тартылып, 36 қосалқы мердігерлік компания жұмыс істеп жатқанын атап өтті. КМГ топ-менеджері жобаны іске асыру барысында ұлттық компанияның Шымкент, Атырау және Павлодардағы мұнай өңдеу зауыттарын модернизациялау барысында қол жеткізілген тәжірибені молынан пайдаланатындарын хабарлады. Д. Тиесов салынып жатқан бірегей кешеннің ерекшелігі мен маңызына тоқталды. Ол «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы Қазақстан тарихында бірінші рет жекелеген алаңдарда жоғары бөліністі өнім өндіруге мүмкіндік беретін аса ірі кәсіпорынды салуға және оны пайдалану жобасын іске асыруға кірісті. Жоба ұлттық компанияға берілген сәттен бастап, құрылыс қарқын алды. Біз осы мұнайхимия кешенінің ел дамуында айрықша маңызы бар екенін ескере отырып, құрылыс кестесін оңтайландырдық. Еліміздегі үлкен жобаларда бай тәжірибе жинаған кәсіби мамандарды тарттық», — дейді.

Бүгінде кәсіпорынның 3D моделін дайындау көрсеткіші 60 пайызды құрап отыр. Осы арада кешенді жобалауға отандық «Қазақ мұнай және газ» институты қатысып жатқанын айта кеткен жөн. Жалпы, КМГ өз қызметінде қазақстандық мазмұнға айтарлықтай көңіл бөледі. Құрылыс жұмыстарымен айналысып жатқан 36 қосалқы мердігердің 33-і жергілікті компаниялар. Сонымен қатар, жобаға зерттеу институтымен бірге, құрал-жабдық дайындау ісіне «АтырауНефтеМаш», Петропавл ауыр машина жасау зауыты, «Имсталькон», «Sewon Vertex» сияқты жергілікті кәсіпорындар тартылды. Сондай-ақ, отандық логистикалық компания Еуразия экономикалық одағына кіретін елдердің аумағынан жүкті құрылыс алаңына дейін жеткізумен айналысады. Газхимия кешеніндегі қызметкерлердің 90 пайызы — отандық мамандар.

Қазіргі уақытта КРІ нысандарында қала қағу, іргетас қалау жұмысы аяқталып, жерасты коммуникацияларды монтаждау басталды. Негізгі құрал-жабдықтарға тапсырыс беру ісі бітуге жақын қалды. Құрылыс алаңына құбыр мен оған қажетті материалдарды жеткізу қолға алынды. Металл конструкциясының алғашқы бөлігі (*95 тонна*) құрылыс алаңына жеткізілді. Құбыр желісі тораптары мен металл конструкциясын құрастыратын және бояйтын цехтар салынды. Бетон құю жұмысы 46 пайызға орындалды. Сондай-ақ, көлік инфрақұрылымы, соның ішінде теміржол құрылысы жүргізілуде.

Кәсіпорын іске қосылғанда жарты миллион тонна полипропилен өндіретінін әңгіменің басында айтып өттік. Пропиленді полимерлеу арқылы алынатын осы ақ түсті қатты заттан қазіргі заманғы пластиктің түр-түрін шығарады. Ол азық-түлік, машина жасау, медицина салаларында кенінен пайдаланылады. Мұны түрлі орауыш, қап, дорба, құбыр, офис керек-жарағы және жиһаз жасауда да қолданып жүр. Мамандар халық тұтынатын тауарлардың 96 пайызы осы саланың тікелей араласуымен жасалатынын алға тартады. Ал пропилен пластик ретінде бүгінде әлемдегі ең басты өнімнің біріне айналып отыр. Атырау өңірінде салынатын газхимия кешені елімізде мұнайхимиясы кластерін дамытуға серпін беріп, көмірсутегі көздерінен сапалы әрі жұрт жаппай пайдаланатын өнім шығаруға септігін тигізеді. Сөйтіп келешекте тек елімізді ғана емес, Орталық Азия өңірін де қамтамасыз етуге болады. Осы арада «Өзбектер де полипропилен шығарады, тауарды өткізу жайы қалай болар екен?» -деген сауал туындауы мүмкін. Айта кеткен жөн, Өзбекстандағы Үстірт газхимия кешенінде өткен жылы 66 мың тонна полипропилен өндірілді. Биылғы жеке 83 мың тонна шамасында. Осы тұрғыдан алғанда, отандық экономиканы диверсификациялаудың негізгі бес бағытының бірі деп белгіленген мұнайхимия саласының мүмкіндігі шынымен де мол.

Талап ТІЛЕГЕН





ӘРІПТЕСТЕРДІҢ АЙТАРЫ БАР

Марат ТОҚАШБАЕВ,
«*Prezident & Halyq*» газетінің
Бас редакторы:

ЖУРНАЛИСТ МӘРТЕБЕСІ МАҢЫЗДЫ



Бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалынсыз қоғамды демократияландыру мүмкін емес. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерін арнайы әлеуметтік мәртебе арқылы қорғауды ұсынамын.

Әзірбайжан елінде БАҚ-ты мемлекеттік қолдау қоры жұмыс істейді. Тіпті өткен жылы Бакуде журналистерге арнап әрқайсысы 250 пәтерлік тоғыз қабатты екі үй салынып пайдалануға берілді. Биыл үшінші үй құрылысы қолға алыныпты. Бізде мұндай жағдай арман ғана. Жас журналистер шиеттей бала-шағасымен пәтер жағалап жүр. Әлеуметтік тұрғыдан мүлде қорғалмаған. Құқықтары мен міндеттері қамтыла отырып, журналистерге қатысты мұндай қамқорлық жасалса қанеки?! Мына көрші Ресейдің Журналистер одағының бастамасымен аудандық, облыстық, республикалық БАҚ-та жұмыс істейтін журналистерге ең болмаса сол деңгейде белгілі бір жеңілдіктер қарастырылса, онды қадам болар еді. Бұдан отыз жыл бұрын Шерхан Мұртазаның бастамасымен Алматыда Абай мен Сайын даңғылдарының қиылысында журналистерге арнап үй салынғаны есте. Сондай тәжірибені Астана мен Алматыда қайта жандандырса қайтер еді?! Сондай-ақ түрлі әлеуметтік бағдарламаларға қатысуда журналистерге мемлекеттік қызметкерлермен теңестірілген мүмкіндік, қоғамдық көлікте жүруде, ипотекалық пәтер немесе жер учаскесін алуда жеңілдіктер қарастырылғаны жөн.

Елімізде журналистер саны 4 мыңнан сәл-ақ асады. Оларға жасалған жеңілдіктерден бюджет қарны мүлде ортаймайды. Осы жақтарын ескергенде журналистерге қатысты арнайы мәртебе белгілеудің ешқандай қиындығы жоқ екендігі көрініп тұр.

Мұрат ШАЙМАРАН, *ақын, оқытушы:*

АБЫРОЙЛЫ АДАМ



Қытайда журналистерге деген көзқарасы бөлек. Өйткені журналист — қытай идеологиясының насихатшысы. Ал идеология жолында жұмыс істеп жүрген журналиске көптеген жеңілдік қарастырылған. Мәселен, қолыңызда журналистік куәлік болса, ұшақта, пойызда, қалааралық автобустарда үлкен жеңілдікті пайдалана аласыз. Тиын-тебенге ғана билет алып, сапарға шыға бересіз. Тіпті билет кезексіз беріледі.

Журналист идеология қызметкері болғандықтан, олардың әлеуметтік мәселесін жасау — басты нысана. Баспана мәселесін айтсам, пәтерді газет редакциясы, не телеарнаның өзі береді. Құрылыс компаниялармен келісімшартты редакция өзі жасасады. Содан кейін журналистер өскен сайын, олардың әлеуметтік мәселесі жақсаралы. Табысы молаяды. Айталық, ол жақта қаламақы өте жоғары деңгейде төленеді. Егер сіз аймақтық басылымнан ауысып, Шыңжаң газетіне, тіпті Бейжіңдегі орталық телеарналардың біреуіне барсаңыз, түсіңізге кірмейтін қаламақы аласыз. Ол жақта қаламақы әріпке төленеді. Қытайда не көп — әріп көп. Мысалы, бұрын өлеңнің бір жолына 2,5 июань төленетін.

Журналистке кәсіптік білім беретін курстар бар ол жақта. Соларды тегін оқытатын бағдарлама қарастырылған. Ол жерде қытай тілін үйретеді. Содан кейін журналистің кәсібилігін шыңдайтын қажетті білім береді. Шығындарды үкімет өзі көтереді.

Егер журналист жұмыс бабымен жол апатына түсіп қалса немесе басқа жағдаймен ауырып ауруханаға түссе, ондай кезде барлық шығынды мекеме өзі көтереді. Ал жұмыс бабымен емес, үйіңізде жүріп ауырып, ауруханаға түсіп қалсаңыз, онда үкімет емделуге жұмсалатын шығынның 80 пайызын төлейді. Қалтаңыздан 20 пайыз ғана ақша шығады.

15 жыл бұрын Қытайдан келдім. Біраз жыл журналистика саласына еңбек сіңірдім. Сонда көргенім ол жақта журналистер мәртебелі маман саналады. Журналист болу — абыройлы кәсіп. Әкім-қара, шенеуніктер тілшінің алдында құрақ ұшып тұратын. Қазір де солай болуы керек. Ал Қазақстанда журналистер мәртебесінің қалай екенін өздеріңіз білесіздер. Көп жағдайда тілшілерден шенеуніктер түгілі, кейбір мекеме басшыларының өзі қайыппайды.

Нұреттин АҚСУ,

түркиялық тәуелсіз журналист:

МЕМЛЕКЕТ БАСПАНА БЕРМЕЙДІ



Түркияда мемлекет иелігінде ешқандай газет жоқ. Ресми бір ғана басылым бар. Ешбір партияға бағынбайды. Ол мемлекеттің тендерлерін, жана шыққан заңдарын, бос жұмыс орындары туралы ақпарат, түрлі жарлықтар мен қаулыларды жариялайды. Ал жеке газеттерді компаниялар, фирмалар иелігіне алған. Қаржы жағынан солар көмектеседі. Банктердің есебін, жекелеген кәсіпорындардың жарнамасын, тендерлер, басқа да жарнамалар беріп, қосымша қаражат таба алады. Барлық журналистер қоғамдық қауіпсіздік ұйымы мекемесіне жарна

төлеуге міндетті. Ол айлықтан бөлек, жұмыс берушілер аударатын жалақының 10 пайызы көлеміндегі қаражат. Егер журналист ауырып қалса немесе зейнеткерлікке шықса, әлгі мекеме арқылы ақша ала алады.

Ең қызығы, жас журналист қызметке тұру үшін ең алдымен сынақтан өтеді. Ол редакция қойған талаптарға жауап бере алса, берілген тапсырмаларды мұқият орындаса, жұмысқа тұруына мүмкіндігі бар. Тәжірибелі мамандардың жөні бөлек. Егер жазған мақаланызды алам көп оқитын болса, жақсы жалақы аласыз. Қаламақыңыз да жаман болмайды. Өте өзекті тақырыптар төңірегінде жазған мақалаларға қосымша сыйақы, грант беріледі. Кейбір басылымдар қызметкерлерін жұмысқа алып келіп, кешке жеткізіп тастауды ұйымдастырады.

Енді «Пресскарт» немесе сары карточка туралы айтайын. Мысалы, кемі 5 адамнан жоғары қызметкері бар ұжымға мемлекет тарапынан сары карточка беріледі. Айталық қамсыздандыруға тұрақты ақша төлеп, еңбек стажыңыз 2-3 жылдан асса, Президент әкімшілігі байланыс және ақпарат басқармасы тарапынан «Пресскарт» беріледі. Егер сіз асығыс бір жерге барып, көлігіңізді тыйым салынған жерге қойып кетсеңіз де, жол полициясы сізге тиіспейді. Жұмыспен жүргеніңізді біледі. Қазір ел ішінде ұшақ, автобус, пойызбен жүрсеңіз, билет алуға 20-30 пайыз жеңілдікті пайдалана аласыз. Ол қалаған уақытыңызда және қанша рет болса да көмектеседі. Осы арқылы министрлік, басқа да құзырлы орындардан сұрағыңызға жауап алуды тездетуге болады. Түркияда демократия дамыған елдермен бірдей. Сондықтан журналистерге барынша жағдай жасалып, мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Құқы қорғалады.

Журналистердің жалақысы 500 доллардан жоғары. Кемі 200 мың теңге. Сондықтан баспананы өздері сатып алуға тырысады. Кейбір жекелеген басылымдар компаниялармен бірлесіп қызметкерлеріне арзан несиemen үй салуға мүмкіндігі бар. Ендеше, қожайыны мықтылардың қалтасы қалың, хал-жағдайы жақсы болады.

Бірінші байлық

Бүгінде Ақмола облыстық денсаулық сақтау жүйесі заман талабына сай бейімделуде. Жаңа ғимараттар салынып, жаңа құрал-жабдық сатып алынуда. Әсіресе алғашқы медициналық, амбулаторлық және стационарлық медициналық көмек дамып келеді.

Заманауи медициналық технологиялар мен құрал-жабдықтарды өндіріске енгізу — облыс тұрғындарының, әрбір отбасының денсаулығын сақтауда қызмет көрсету сапасын арттыруға оң әсерін тигізеді.

2019 жылдың 1 маусымынан бастап елімізде мемлекеттік қызметкерлердің кейбір санаттарына, оның ішінде дәрігерлердің жалақысы 30 пайызға дейін көтерілді. Нақтырақ айтсақ, облыста 11 мыңнан астам дәрігердің орташа жалақысы 147 мың теңгеден 191 мың теңгеге дейін, медициналық қызметкерлер 101 мыңнан 131 мың теңгеге өсті. Жыл сайын денсаулық сақтау саласының бюджеті де артуда. Мәселен, соңғы жылдары денсаулық сақтау жүйесінің бюджет шығыстарының көлемі 13 пайызға, яғни 2016 жылы 35 миллиард теңгеден 2019 жылы 40 миллиард теңгеге дейін өсті. Осындай қамқорлықтың арқасында медициналық және профилактикалық қызметтің материалдық-техникалық базасын нығайту және жетілдіру мәселелері шешімін табуда. Соңғы төрт жылда 800-ден астам медициналық құрал-жабдық, 100 жедел жәрдем көлігі мен реанимобиль сатып алынды. Сондай-ақ 50 денсаулық сақтау нысаны күрделі жөндеуден өткізіліп, 20-ға жуық нысан пайдалануға берілді.

Биыл облыстық бюджет есебінен Атбасар ауданының Бастау ауылындағы және Аршалы ауданындағы дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталады. Ал Көкшетау қаласындағы онкологиялық диспансердің құрылысы жалғасуда. Биыл Целиноград ауданының Қосшы ауылында бір ауысымда 100 науқасты қабылдай алатын емхана құрылысын бастау жоспарлануда. Сонымен қатар облыстық



ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ ЖЕТЕКШІ ОРЫНДА

мәслихат сессиясының шешімімен Целиноград ауданындағы Қараөткел ауылында 25 науқас қабылдайтын және Коянды ауылында алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығына тағы 2 дәрігерлік амбулатория салу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге 30 миллион теңге бөлінді.

Күрделі технологиялық қондырғылар мен біліктілігі жоғары мамандарды қажет ететін денсаулық сақтау қызметтері ауданаралық, өңірлік, облысаралық және республикалық деңгейлерде тиісті орталықтардың құрылуымен орталықтандырылады. Сонымен бірге күрделі технологиялық қондырғыларды қажетсінбейтін денсаулық сақтау қызметтері орталықсыздандырылады және пациенттің тұрғылықты жеріне жақын денсаулық сақтау ұйымдарында көрсетілетін болады.

(Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы)

Сондай-ақ жергілікті қаражат есебінен жалпы сомасы 2,1 миллиард теңгеге шамамен 100 медициналық техника мен құрал-жабдық, 996 компьютер сатып алу көзделген. Оған қоса, 9 денсаулық сақтау нысанында 653 миллион

теңгеге күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді.

Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласын цифрландыру шеңберінде облыс тұрғындарының 97 пайыздан астамы электрондық денсаулық паспортын алған. Әлеуметтік желі бойынша тұрғындардың 34 пайызы «ДамуМед» мобильді қосымшасын пайдаланып, оның өзі шамамен 150 мың емделушіге жетіп отыр.

2018-2019 жылдары Көкшетау қаласында және Целиноград ауданындағы Ақмол ауылында жастарға арналған денсаулық орталығы ашылды. Сондай-ақ Степногорск, Атбасар қалаларында осындай орталықтар ашу жоспарланып отыр. Өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы №2 көпсалалы облыстық аурухана базасында шамамен астана маңындағы 200 мың тұрғын үшін тері коронарлық араласу орталығы ашылды. Өткен жылы ұйымдастырылған шара нәтижесінде облыста өлім-жітімнің жалпы көрсеткіші, нәресте өлімінің көрсеткіші, жарақаттану, жазатайым оқиғалардан және уланудан, туберкулезбен сырқаттану және онкопатологиялық өлім-жітім азайды. Жалпы тәжірибелік дәрігердің жүктемесі 2017 жылы 1785 адам болса, 2018 жылға дейін 1640 адамға қысқарды.

2018 жылға дейінгі «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру қорытындыларының рейтингінде еліміз бойынша Ақмола облысы жетекші орынға ие болды. Негізгі міндеттердің бірі — медицина қызметкерлерін оқыту және тарту болып

табылады. Өткен жылы Ақмола облысы әкімінің қаулысымен Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде 197 студент, соның ішінде облыс әкімінің 50 грантының иегері мен шетелдік студент білім алатын «жалпы медицина» мамандығы бойынша медициналық факультет құрылды.

Сонымен бірге 2018 жылы бірінші курста оқитын студенттердің үшеуіне Ақмола облысы әкімінің атынан әрқайсысына 700 000 теңге көлемінде қосымша жеке стипендия тағайындалды. Көпбалалы отбасында тәрбиеленген Аружан Есенгелдіге 2019-2020 оқу жылында атаулы шәкіртақы алуға сертификат табыс етілді. Биыл медициналық жоғары оқу орындары түлектерінің арасында қайта бөлу туралы 400-ден астам өтініш облыстың медициналық ұйымдары мен денсаулық сақтау министрлігіне берілді. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауын және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде

денсаулық сақтау саласындағы жобалар белсенді түрде жүзеге асырылуда.

Көкшетау қалалық көпбейінді қалалық ауруханасының базасында компьютерлік томография кабинеті ашылды. Ақмола облысының түрлі аудандарындағы медициналық ұйымдарға және жедел

жәрдем стансаларына таратылатын 40 заманауи санитарлық көлік сатып алынды.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі толық көлемде жүзеге асырылатын болады. Бұл — денсаулық сақтау саласындағы мүдделерді әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі. Ақмола облысы бойынша жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлердің аударымдары мен жарналарының жалпы сомасы 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап, шамамен 6 миллиард теңгеге жетті.



Сәуле ҚИСЫҚОВА,
Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы



www.jasqazaqlz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

BIRLIK

Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан Республикасы мен Алматы облысы арасындағы ынтымақтастық, әріптестік, достық қарым-қатынас бірнеше жылдан бері жарасымды жолға қойылды. Алдымен Жетісу жеріне Татарстан Республикасының президенті бастаған арнайы топ келіп, өңірдің экономикалық, әлеуеттік жағдайымен танысты. Сосын Алматы облысының өкімі Амандық Баталов бастаған делегация Татарстанда болып, олардың әлеуеті мен өндірістік қуатын көріп, сауда-саттық, мәдениет, өнер, тағы да басқа салалар бойынша меморандумға қол қойылды. Содан бері екі елдің арасындағы барыс-келіс жиіліп, ортақ дамуға даңғыл жол ашылды. Жуырда Талдықорған қаласындағы «Достық» үйінде екі елдің өкілдері «Жетісу жеріндегі адамдар мен өзендер», Қазақстан халқының дамуындағы қазақ-татар байланысының мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция да бас қосты.

Іс-шараға Қазақстан Халқы ассамблеясы облыстық хатшылығының өкілдері, тарих ғылымдарының докторы, М.Әуезов атындағы тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері Марат Әбсеметов, қоғам қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезов, профессор, педагогика ғылымдарының докторы, академик, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, облыстық татар және башқұрт мәдениеті қоғамының төрағасы Гриф Хайруллин, тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, «Ғылым ордасы» ғылыми кадрлар даярлау орталығының жетекшісі Алтын Уалтаева, «Туған тель» татар этномәдени орталығының төрағасы Руслан Валишанов, ҚХА жанындағы ғылыми-сараптамалық топ, этномәдени орталықтардың төрағалары мен белсенділері, «Жаңғыру жолы» аймақтық штабының өкілдері қатысты .

Тарихты сабақтайтын болсақ, казак-татар қарым-қатынасы сонау ертеден қалыптасканы белгілі. Содан бері бауырлас екі ұлттың өкілдері бірін-бірі демеп, мәдениетін жебеп, өнерін өлтірмей болашағын жалғап келеді. Татар халқы – жалпы түркі тілдес ұлт. Негізінен, Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан Республикасында қоныстанған. Одан бөлек,

еркін бойлауына мүмкіндік ашқан тұлға. Бұдан бөлек, еңбегін әлі күнге елі танып-білмеген қаншама ұлының бар екенін дәл қазір санап бере алмаймыз. Десе де, біздің тарихымыздағы татар ұлтының орны ерекше.

Сондай-ақ еліміздегі Жетісу өңірі, Семей, Петропавл, Ақмола облыстары мен Алматы қаласында татар ұлтының қолтаңбасы сайрап жатыр. Оны дәлелдейтін құжаттар да мұрағаттарда жетерлік.

Осы тұста тағы бір ескеретін жайт, татар ұлтының өкілдеріне деген қазақ халқының қамқорлығы. Айтар болсақ, Ресей империясы мен Кенес одағының зұлым саясатынан зардап шеккен татарлар дүниенің төрт бұрышынан қоныс таппай, қазақ жерін сағалап аман қалғанын, ұрпақ өсіріп, болашағын қорғап қалғанын осы ұлттың бүгінгі ұрпақтары да ұмытпапты.

Конференцияда сөз алған профессор, педагогика ғылымдарының докторы, академик, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, облыстық татар және башқұрт мәдениеті қоғамының төрағасы Гриф Хайруллин осы



бәріне ұлтаралық тұрақтылықтың арқасында қол жеткізіп отырмыз. Қаншама мектеп, аурухана, жолдар салынды, әлі де салынады. Дәл осындай тиімді саясатты бұдан әрі де жалғастыра берсек, өңірлер осы қарқынмен дами бермек. Жерімізде тұрып жатқан барлық халықтардың тілдері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау керек және осы игі дәстүрді ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруға тиіспіз. Біз – еуропалықтар емеспіз, еуразиялықтармыз. Біздің өз бет-бейнеміз бар, өзіміздің діліміз, тарихи негізіміз бар және біз осымен мақтанамыз».

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» демекші, өткен жылы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында еліміздегі киелі жерлердің

өкілдерінің тарихымен тікелей байланысты. Кезінде Ресейден келген татарлар осы өңірге қоныстанып, қазақ ұлтының қамқорлығымен біте қайнасып, бөлінбес тұлғаға айналған еді. Солардың ішінде қазақ халқының мәдениеті мен өнерін өркендетуге үлес қосқан белгілі тұлғаларда бар. Осы ретте қазақтың үш алыбы Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезовке жар болған Фатима Ғабитованы ерекше атап кетуге болады.

Конференция барысында сол жылдардың естелігі ретінде Қапал ауылының турмасы Фатима Ғабитованың тағдыры туралы «Фатима» фильмі көрсетілді.

Шараны қорытындылаған «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымбекбаев сөзін: «Ел мен

ЕЛ МЕН ЕЛ ҚОСЫЛСА, ҚҰТ КІРЕДІ

тізімі жасалған еді. Сол қатарда Қапалдағы Тамшыбұлақ емдік бастауы республикалық киелі жерлердің қатарына енгізілді. Мұны айтудағы себебіміз, Қапал өңірі татар ұлты

жердің тыныштығы, халықтың әл-ауқатының артуы, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қоғамдық келісім мен бейбітшілікке, ұлтаралық татулық пен дінаралық сыйласымға

тікелей тәуелді. Келісім, бейбітшілік, татулық, сыйластық орныққан жерде даму да, алға жылжу да, халық санының өсуі де орын алады. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің өркендеп, ел мен жердің жақсылыққа кенелуіне ынтымақ пен тұрақтылық тікелей әсер етеді. Бүгінгі конференция сондай игілікке жол ашты», – деп түйіндеді.

Алқалы жиындан кейін шетелдік қонақтар Тамшыбұлақ бастауына барып, тәу етіп, ақын Сара атындағы музейді тамашалап, перзенттік борышын өтеді. Оларды аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Отарбаев қарсы алып, киелі жерлерді аралатып, достық, ынтымақтастық салтанат құрған өңірдің ертенгі болашағы жайлы атқарылып жатқан жоспарлармен ой бөлісті.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы бойынша меншікті тілші



әлемнің басқа елдерінде де татарлар тұрады. Соның ішінде еліміздегі татарлар біраз санды құрайды. Ал Жетісу өңірінің өркендеуіне өткені мен бүгінгі өркеніетіне татар ұлтының қосқан үлесі қомақты. Сондықтан облыстық ассамблея жанынан «Туған тіл» атты татар этномәдени орталығы ашылып, ертеден жалғанған береке-бірлікті бүгінгі ұрпақ үлгі етіп келеді. Конференцияда осындай құндылықтар сөз болды.

Жиында мәдениеттанушы, академик Мұрат Мұхтарұлы: «Татарлар түрлі тарихи кезеңдерде ұлы далаға келді. Бірақ жаппай қоныс аударудың бірі – XIX-XX ғасырда болды. Татарлар қоныстанған барлық жерде мешіттер салынып, медресе мен бастауыш мектептер құрылып, сол жерде жергілікті тұрған барлық балалар оқып, сауда дамыды. Бір дін, туған тілдердің ұқсастығы қазақтар мен татарларды бір-бірін мәдени және рухани өзара байытатын ең жақын тату көрші халықтарға айналдырды. Қапал ауылы – еліміз татарлары тарихындағы қасиетті орындардың бірі болып табылады», – деді.

Расында, өткен ғасырдағы қазақ тарихын парақтап отырсаңыз, қазақ-татар зиялылары мен меценаттары ұлттық құндылықты дәріптеп, халықтың санасын оятты. Ел болып ұйысып, жердің берекесін арттыруға білек сыбана атсалысты. Жетісу жерінде алғаш бой көтерген Мамания мектебінің ұстаздар қауымы негізінен Уфа, қазақ, Орынбор, Мәскеуден шақыртылған татар ұлтының өкілдері болғаны жасырын емес. Сондай тәлімді ұстаздардан үлгі алған Мұхаматжан Тынышбаев, Біләл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров сияқты ұлт зиялылары қазақ ұлтының ұлттық болмысын өзгертіп, өмірге

дамытып, салт-дәстүрін сақтауға лайықты жағдай жасалған. Облыстық «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы да облыстық ассамблея құрамындағы кеңестер мен ұйымдар сияқты Елбасының Жолдауларында көрсетілген негізгі бағыттарды жүзеге асыруға үлес қосуда. «Туған жер», «100 жана есім» және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» сынды бағдарламаларға жастар белсене қатысып, экспедиция ұйымдастырылуда. Ал «Туған тель» татар этномәдени орталығының этносаралық ынтымаққа жол ашқан жағымды жетістіктері толып жатыр.

Осының барлығы тұрақтылықтың жемісі. Бұл төңіректе сөз қозғаған тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, «Ғылым ордасы» ғылыми кадрлар даярлау орталығының жетекшісі Алтын Уалтаева былай деді: «Біздің ең үлкен байлығымыз – тұрақтылық пен ынтымақ. Өзге елдерде болып жатқан жағдайларды көріп отырмыз. Алайда біз де ондай жағдай жоқ. Өйткені, Елбасы қалыптастырған саликалы саясат бар. Бүгінде еліміз өсу мен өркендеу жолында. Мұның

Цифрландыру

Ақпараттық инновациялық технологиялардың дамуы күнделікті өмірге көптеген жеңілдіктер әкелді. Соның бірі – Telegram желісіндегі BOT-тар. Бұл технологияның ерекшелігі – бір уақытта мыңдаған адамға желіде жауап беріп, хат алмасуға болады. Мыңдаған адамның сауалына бір немесе он адамның дер кезінде жауап беруге шамасы көлмейді. Сол себепті, бұл істі Bot атқарады. Мысалы, қазіргі уақытта Ұлттық бірыңғай тестілеу науқаны өтіп жатыр. Түлектер ҰБТ нәтижелерін Telegram-бот (EDU.GOV.KZ bot) – edu.mail.kz және Ұлттық тестілеу орталығының сайтынан -testcenter.kz арқылы біле алады.

Жалпы Үкімет тарапынан қағазбастылықты түпкілікті жоюға, қызмет түрлерін жеңілдетуге бағытталған шаралар айтарлықтай деңгейде қолға алынған. Солардың бірі ретінде ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның «Ақпараттандырудың инновациялық әдістері халықпен жұмыс технологиясы ретінде» мемлекеттік грант аясында заманауи ақпараттандырудың инновациялық әдістерін меңгеру

АҚПАРАТ АЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ



және пайдалы тұстарын игеруге бағытталған онлайн курстар өткізеді.

Жобаның мақсаты – республикалық және өңірлік БАҚ-тарда жариялауды қамтамасыз ете отырып, бейнероликтер қатарын, танымал интернет-ресурстардағы мақалалар сериясын, баспа материалдарын және басқаларды да қоса алғанда, түрлі инновациялық әдісті пайдалана отырып, ақпараттық материалдарды әзірлеу және жылжыту арқылы халықтың хабардар болуын арттыру.

Жоба аясында «Жамбыл облысы жастар ұйымдарының қауымдастығы» елімізге танымал блогер, контент-менеджер және SEO мамандарымен бірлесіп, SMM және контент маркетинг; SMM және блог жазу негіздері; графикалық дизайн; презентация жасау негіздері

сынды тақырыптарда курс жүргізеді. Онлайн курс аясында тыңдаушылар бекітілген төрт тақырып бойынша посттар, инфографика, видеолар, презентациялар әзірлеп, әлеуметтік желілердегі аккануттарына жүктеу арқылы ақпараттық және PR науқан өткізіледі.

Науқан барысында қоғамдық кеңестер, еріктілер, кайырымдылық және үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйақылар жөнінде инновациялық әдіс арқылы ақпараттандырылады. Курсқа еліміздің барлық өңірінен қатысуға мүмкіндік бар және жазылу тегін, алайда орын саны шектеулі. Толық ақпаратты мына жерден алуға болады: +7 701 120 9069 (WhatsApp); +7 707 550 0470 islam.bayern@gmail.com

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Рухани жаңғыру

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының бір бағыты – қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелеріне бағытталғаны белгілі. Бұл ретте Ахмет Байтұрсынов нұсқаған әліпбиге көшу, оны меңгеру ербір азаматтың міндеті. Ал осы бағыттағы ілкімді жұмыстар Әулиеата өңірінде де белсенді түрде қолға алынып, тіл саясатын жүргізудегі тиімді ұсыныстар насихатталуда. Тіпті осыған орай мәдениет және спорт министрлігі тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен республикалық ақпараттық насихат тобының аймаққа келуінің өзіндік себебі бар. Олар неге Жамбыл өңірін таңдады? Осы және өзге де мәселелерді республикалық ақпараттық насихат тобының өкілдері өңірлік коммуникация қызметі алаңында БАҚ өкілдерімен өткізілген брифингте көңінен өңгімелеп берді.

Мәдениет және спорт министрлігі тіл саясаты комитетінің төрағасы Ғалымжан Мелдешов республикалық ақпараттық насихат тобы Жамбыл облысының қаймағы бұзылмаған Жамбыл, Байзақ аудандарында, ауылдарда кездесулер, семинарлар өткізетінін, латын карпіне негізделген қазақ әліпбиіне көшудің тиімділігін, артықшылығын, маңыздылығын жан-жақты түсіндіру мақсатын көздейтінін айтып өтті. Жамбыл өңірі латын графикасына көшуді қолдауда үнемі алда келеді. Сондықтан таңдау осы аймаққа түскен.

Ал Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл — қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Әлібек Асқар Елбасының қазақ тілін жана әліпбиге көшіруге байланысты Жарлығы шыққалы бері бірқатар маңызды шаралар атқарылғанын жеткізді. Ең әуелі Премьер-Министрдің өкімімен «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітіліп, жұмыс қарқынды жүргізілгенін баяндап берді.

Ал Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл — қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Әлібек Асқар Елбасының қазақ тілін жана әліпбиге көшіруге байланысты Жарлығы шыққалы бері бірқатар маңызды шаралар атқарылғанын жеткізді. Ең әуелі Премьер-Министрдің өкімімен «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бекітіліп, жұмыс қарқынды жүргізілгенін баяндап берді.

Елбасының «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында Жамбыл облысында тыңдырымды жұмыстар қолға алынған. Осы салада атқарылып жатқан игілікті істер төңірегінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Дүйсенәлі Бықыбаевпен сұхбаттастық.

Жас qazaq: Дүйсенәлі Дыбысәліұлы, өңір кітапханаларының қоғамдағы кеңістігін дамыту, кітапханалардың жана моделін енгізу мақсатында облыс әкімінің бастамасымен мемлекеттік кітапханалар жүйесінде коворкинг және цифрландырылған ақпараттық орталықтар ашылып, дені мобильді стандартқа көшірілуде. Осы жайында айтып өтсеніз?

Д.Бықыбаев: Бүгінгі күні облыста кітапханалар жанынан ашылған 92 орталық тұрғындарға көпфункционалды мекеме ретінде қызмет ұсынып отыр. Оның ішінде 74 цифрландырылған ақпараттық және 18 коворкинг орталығы бар. Олар бір орталық жүйеге қосылған сао-zhambyl.kz сайты арқылы барлық тұрғындарға әр сала бойынша 13 бағытта тұрмысқа қажетті ақпараттар алуына мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ауданның, ауылдың төлқұжатынан бастап, ауыл жаналықтары, бос жұмыс орындары, шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мәліметтер, білім саласы бойынша ата-аналарға арналған кеңестер, ауруханалар мен емханалардың мекен жайы, телефон нөмірлері, дәрігерлердің жұмыс кестесі және қабылдауға жазылу бойынша ақпараттар, аудандағы дамыған спорт түрлері, ауылдық клуб мекемелерінде өткізілетін концерттер мен іс-шаралар, ауданның туристік потенциалы, тағы да басқа қажетті ақпараттар.

Ауыл тұрғындары ақпараттық орталықтарда egov.kz порталындағы қызмет түрлерін де алады. Тағы бір айта кетерлігі, жыл сайын мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен «Рухани қазына» республикалық фестивалі өтеді. Биыл ауданнан басталған фестивальдің облыстық кезеңінен өткен 14 аталым бойынша Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Рухани қазына — 2019» республикалық II фестиваліне қатыстық. Фестиваль қорытындысымен Талас аудандық орталықтандырылған кітапханасы «Үздік аудандық маңызы бар кітапхана» номинациясын жеңіп алды. Екі облыстық кітапхананың директорларына «Мәдениет саласының үздігі», екі аудандық кітапхана директорлары мен екі ауылдық кітапхана қызметкерлері «Кітапхана ісінің шебері» төсбелгісімен және I облыстық кітапхананың қызметкері «Болашақта кітапхана — жастар үлесінде» номинациясымен марапатталды.

«Кітапханалар болашағы және болашақ кітапханалары» жобасы аясында қордағы мерзімді басылымдар электронды форматқа енгізіліп, дерекқор көлемі артуда. Жасөспірімдер арасында «Әлемді кітап арқылы танимын» байқауы өткізіліп, кітапхана оқырмандары күн санап көбеюде. Бүгінгі таңда бағдарлама аясында саяси қуғын-сүргін тоталитаризмнің құрбандарын есте сақтау, Қарағанды облысының тұрғындары мен қонақтарын қуғын-сүргін жылдарындағы жамбылдық қайраткерлердің ауыр тағдырымен таныстыру, зобалан-жылдардың қасіретін жастарға түсіндіру, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен Қарағанды облысы Долинка кентіндегі Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейінде жылжымалы көрмесі өтуде.

Жас qazaq: Биыл да «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өлкеміздің бай тарихы мен мәдениетін дәріптеу бағытында ірі жобалар іске асырылуда. Басқарма тарапынан да көптеген жұмыстар қолға алынып отыр екен. Осы туралы айтып бересіңіз...

Ол айтып өткендей, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл — қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы да Үкімет қаулысымен құрылыпты. Себебі бұл орталық мемлекеттік тапсырыс аясында халқымыздың жана әліпбиді тез әрі сапалы менгеруіне жол ашады. Осы орайда «Qazlatyn.kz», «Tildidar.kz», «Sozdikgor.kz» ұлттық порталы іске қосылған. Биылғы жыл «Әдістеме жылы» аталып, 72 сағаттық біліктілікті



ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ – ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

арттыру курстары, дәрістер мен семинарлар жиі ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта да филолог мамандар өз өңірлерінде ересек азаматтарға емле ережелерді үйрету курстарын жалғастырмақшы. Сондай-ақ бұл орталық «Тегінді түзеу — тектілік» атты жеке құжаттарды ұлттық негізде рәсімдеу акциясына да белсене қатысып келеді.

Мұнан соң Ы.Дүкенұлы атындағы Тараз қалалық мәдениет үйінде республикалық ақпараттық-насихат тобының мүшелерінің қатысуымен «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру — уақыт талабы» тақырыбында кездесу өтті. Жиынды ашқан Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Сұлұшаш Құрманбекова қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің

KÓKEIKESTI

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

кимешегі қисайса түзейміз. Міне, ана тілге деген құрметіміз дәл осындай болуы тиіс.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Ең әуезді, әуенді тіл — қазақ тілі» деп мақтанған. Осы мақтаныш әрбір жас қазақтың жүрегінде болуы тиіс. Мен осыған жас ұрпақтарды да, аға буынды да шақырамын», — деді.

Сондай-ақ тараздықтардың алдында тіл жанашыры Қадірбек Сегізбайұлы латын карпіне көшудің маңыздылығы туралы толғана ой қозғады. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл — қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы бас директорының кеңесшісі, қоғам қайраткері Оразқұл Асанғазықызы ана тілінің мәртебесі жөнінде айтты. «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған ұлттық рухани код — біздің терең тарихымыз. Бірнеше жыл бұрын Елбасының қолдауымен Күлтегінің тасы Астанаға алдырылып, Е.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеттің музейіне қойылды. Сол кезде Олжас Сүлейменов: «Бабаларымыз тілін тасқа жазғанда бірнеше алпауыт елдердің тілі дамымаған болатын» деп мақтаныш білдірген еді. Қытайда — 45, Француздарда — 35 дыбыс бар. Олар сол дыбыстарды 26 әріппен белгілейді. Бізде 28 дыбыс бар. Соны 28 әріппен белгілесек. Өйткені Байтұрсынов «Бір дыбысқа — бір әріп» деп бекер айтқан жоқ. Уақытында Әбіш Кекілбай ағамыз: «Қазақта ақсақал деген бар, көксақал деген бар. Көксақал телеарнада жалаңаш әйел тұрса, немересімен көре береді. Ал ақсақал «Өшір, ананы» деп, немересіне ертегі айтып, кітап оқытады» дегені бар еді. Сол ағаларымыз айтқандай, орталарыңызға орамды ой айтайын деп келдік. Жәй емес таза латын карпімен шығып жатқан газетімізді, сабақ болсын деп тәжірибемізді әкелдік», — деді Оразқұл Асанғазықызы.

Енді алдағы бір апта бойы Әулиеата өңірінде латын әліпбиіне көшу жөнінде тағылымды кеңестер өтеді. Тын ойлар айтылады. Сондықтан да тіл саясатын жүргізуде өзге өңірлерге қарағанда көш бастап тұрған Жамбыл облысында басталған шара басқа аймақтарға да өңеге болары анық.

Д.Бықыбаев: Биыл «Жамбыл — менің жай атым, халық — менің шын атым» республикалық ақындар айтысын өткіздік. Қантар айында ауылдық округтерде іріктеу шаралары ұйымдастырылып, нәтижесінде айтыс өнеріне бейімі бар 90-ға жуық *(оқушы жастар)* ақын іріктеліп, аудандық айтысқа жолдама алды. Одан үздік деп танылған 31 ақын 15 ақпанда «Баласағұн» орталық концерт залында өткен аймақтық ақындар айтысына қатысты. Жүлделі орындар мен ынталандыру сыйлығын иеленген 8 ақын республикалық ақындар айтысына жолдама алды. Осы үздік ары қарай дәстүрлі түрде жалғасады. Ал республикалық айтысқа еліміздің әр аймағынан 20 ақын қатысты. Қазылар алқасының шешімімен бас жүлдеге Жамбыл облысының ақыны Қанат Мырзахан ие болды *(автомобілі)*. I орынды қарағандылық ақын Дилар Камиев, II орынды Шұғайып Сәзімхан *(Алматы)*, Айбек Қалиев *(Қостанай)*, Бауыржан Ширмединовты *(Батыс Қазақстан)* иеленсе, III орынды төрт ақын — Асхат Қылышбек *(Жамбыл)*, Қажымұхан Абзалов, Нұрлан Есенқұлов *(Түркістан)*, Мұхтар Низзов *(Қызылорда)* өзара бөлісті. Сондай-ақ Дархан Әбдіманат *(Жамбыл)*, Аспанбек Шүғатаев *(Павлодар)*, Қайнар Алағөзовке *(Ақтөбе)* ынталандыру сыйлығы беріліп, қалған 9 ақынға қаржылай сыйақы мен алғыс хат табыс етілді.

Жас qazaq: Жақында «Әулиеата бояулары» атты I халық шығармашылығы фестивалі өткені белгілі. Бұл бастама да дәстүрге айнала ма?

Д.Бықыбаев: Фестиваль «Өз жерінді танып

ЖАМБЫЛДЫҢ ЖАСАМПАЗ ТАРИХЫ

біл» бастамасы аясында облыстың әсем жерлері мен көркем табиғатын, тарихи орындарын фото және пейзаж тілінде сөйлетуге бағытталған. Онда «Жамбыл облысының тарихы», «Жамбыл облысының табиғаты» тақырыптары қамтылады. Нәтижесінде жанадан ашылатын галерея, көрме залы жана 50-60 бірегей туындылармен толықтырылады. Сараптау комиссиясының құрамында Суретшілер одағының мүшесі Айдархан Сихаев, өнертапқыш, колөнерші Пернебек Ахметов, облыстық халық шығармашылығы орталығының бөлім басшысы Азамат Байжанов болғанын мақтанышпен айта аламыз. Қалалық, аудандық іріктеу кезеңіне барлығы 300 үміткер қатысып, 134 үміткер облыстық кезеңге жолдама алды. Ақтық III кезеңге жолдама алған қатысушыларға арнайы сертификат табысталды. Фестиваль аясында пленэр ұйымдастырылып, оған жергілікті суретшілермен қатар, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Алматы, Атырау, Қарағанды, Павлодар облыстарынан 20 суретші қатысты. 7 маусым күні Таразда Б.Момышұлы атындағы «Женіс» саябағында ашық аспан астында «Әулиеата бояулары» I халық шығармашылығы фестивалінің көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде суретшілердің 100-ден аса шығармаларымен қатар, жергілікті фотографтардың 80 шақты туындысы және 180-нен аса колөнершінің бұйымы ұсынылды. Одан үздік 60 көркемсурет және 80 фото туынды тандалып алынды.

Жас qazaq: Облыстық «Тағаз симфониясы» классикалық өнер фестивалі өңірден шыққан ақындар мен композиторлардың шығармашылығын насихаттаумен қатар, классика, джаз, романс жанрын белсенді дамытуға, шығармашыл өнерпаздардың қабілетін арттырып, талантты жастарды анықтауға бағытталғанын білдік. Осындай бірнеше идеяларды қолға алуға не себеп болды?

Д.Бықыбаев: Фестиваль биыл ауылдық мәдениет үйлері мен клубтардан басталып,

гала-концертте өнер көрсететін болады. Талантты балаларға арнайы оқу орындарына түсуге қолдау көрсетіліп, мәдениет саласы білікті мамандармен толықтырылады деп күтілуде. Облыстық «Талас толқындары» атты музыкалық өнер фестивалі аясында Ы.Дүкенұлы атындағы «Жез кнiк» қобызшылар, К.Әзірбаев атындағы республикалық «Шырқа дауысым» ән, «Жанарған Жамбылым» облыстық эстрада орындаушыларының, «Би керуені» хореографиялық ансамбльдердің байқауы ұйымдастырылды.

Мәдени шара күзде «Талас толқындары» атты гала-концертпен аяқталады. Өнерпаздардың ұнтаспалары CD жинақтарына топтастырылып, таратылады.

Жас qazaq: Байқауымша, ұмыт болып бара жатқан бабалар мұрасын насихаттау мақсатымен ұйымдастырылған «Көне Тараз күмбірі» атты I республикалық этно-фольклорлық фестивалі балалар мұрасын қайта жаңғырту, өңірден шыққан күйшілерді насихаттау, этно-фольклорлық ұжымдардың шығармашылық қарым-қатынасын қалыптастырып, тәжірибе алмасуға мұрындық болуда. Осы туралы айта кетсеніз?

Д.Бықыбаев: Жақында ғана «Көне Тараз күмбірі» I облыстық фольклорлық ансамбльдер байқауы өтті. Оған Тараз қаласы мен аудандардан 10 ансамбль қатысты. Енді 30 маусымда «Көне Тараз күмбірі» I республикалық этно-фольклорлық ансамбльдер байқауы өтеді. Өнер доласына республика көлемінен 17 ансамбль қатысалды деп күтілуде. Конкурстың гала-концерті дәстүрлі музыка өнерін насихаттау — Ұлттық домбыра күнін ұлықтау аясында Тараз қаласында 30 маусымда Женіс саябағында өтеді. Нәтижесінде «Көне Тараз күмбірі» атты этно-фольклорлық ән-күйлердің МРЗ нұсқаларынан CD жинақ, кітап басылымы шығарылады. «Ен үздік» шығармаға бейнебаян түсіріліп, фольклорлық ұжымның танылуына қолдау көрсетіледі.

Сонымен қатар жуырда тарихи өлкемізді сүюге, облыстағы туризм, кәсіпкерлік, білім — ғылым, спорт, мәдениет, өнер және дін салаларымен қатар, отбасылық құндылықтарды дәріптеу мақсатында жастар арасында «Үздік сценарий» байқауы ұйымдастырылып, 15 үміткердің сценарийіне сараптама жасалды. Үздік деп танылған сценарий желісімен «Қызғалдақтар», «Туған жер», «Абсент» қысқа метражды фильмдерін түсіру жұмыстары жүргізілуде. Ал облыстық қазақ драма театрының ұжымы 30 мамыр мен 4 маусым аралығында Татарстанның астанасы Қазан қаласында өткен халықаралық театр фестиваліне қатысты.

Жас qazaq: Жамбыл облысының 80 жылдығына дайындықтарыңыз қалай?

Д.Бықыбаев: Елбасының «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары аясында және облысымыздың 80 жылдығына орай «Тараз кітапханасы» сериясымен көптомдық кітаптар шығару бағытында жұмыстар жүргізілуде. Оны дайындаудың тұжырымдамасы мен жасалған ережені таныстыру мен өз пікірін білдіру тандаулы ғалым-жазушылары мен тарихшыларына ұсынылды. Өңірдің жерігілді жоғары оқу орындарының тарихшы, ғалымдары мен танымал ақын-жазушыларын бірнеше рет шақырып кездесу өткізіп, жан-жақты талқыланды. Осы орайда сарапшылар тобы құрылып, төрағасы мен құрамын бекіту үшін белгілі ғалымдар Мекемтас Мырзахметов, Мырзатай Жолдасбеков, Әбсаттар

қажы Дербісәлі және Мәмбет Койгелдиевтің келісімімен сарапшылар кеңесінің төрағалығына тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков және кеңестің хатшысына Мақұлбек Рысдәулет бекітілді. «Тараз кітапханасы» сериясына енетін материалдарды дайындау екі бағытта жүргізілуде. Алдымен, өңірдің тарихын зерттеуге бағытталған «Тарихи танымдылық ғылыми-зерттеу» қорын, екіншісі «Халық шығармашылығы» тобын жинақтап алмақпыз. «Тарихи танымдылық ғылыми-зерттеу» тобы өңірдің тарихын көне дәуірден бастап қазіргі тәуелсіздік уақытына дейінгі кезеңдегі тарихын зерттеп, зерделеп, бұрын-соңды жарық көрмеген, ғылыми айналымға енгізілмеген тын архив деректерін хронологиялық жағынан топтастырып, барлығы 15 томды баспаға дайындап отыр. Екінші жұмысшы тобы — Жамбыл облысы халық шығармашылығы бағыты бойынша тарихи аңыздар мен мифтер, топонимдік аңыздар, тарихи, аңыздық жырлар, айтыстар, шешендік сөздер, басқа да халық фольклоры салаларының түрлері қамтылды. Бұл бағытта қазіргі уақытта 65 том шамасындағы материал жинақталып, жүйеленуде. Сонымен қатар өңірге қатысты бұрын жарық көрген кітаптардан 15 том қайта басуға ұсынылды. Мәдениет саласына қарасты архив, кітапхана қызметкерлері еліміздің тарихи өз орны бар — Төле би, Бөлтiрiк шешен, Бауыржан Момышұлы, Шерхан Мұртаза сынды аты аңызға айналған тұлғалар хақында мақалалар, зерттеу материалдарын дайындап, архивтің сирек қорларында сақталған тын тақырыптардағы шығармаларды жинақтауда. Бүгінгі күн аталған көп томдықтарды шығаруға байланысты бірқатар отандық баспапар ұсыныс білдіріп отыр. Облыстың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында баға жетпес бай тарихи мұраларымыз арқылы ежелгі және кейінгі замандағы түркі өркениетіндегі ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайтуға бағытталған халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді. Жылның отандық және шетелдік зерттеушілер, түркітанушы тарихшылар мен филолог ғалымдарды шақыру жоспарланып отыр.

— **Өңгіміңізге рахмет!**

Бетті дайындаған Ерман ӘБДИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша меншікті тілші



БІРІНШІ ХАТ:

Иә, Руда! Әке-шеше, ағайын-туған, ауыл-аймағыңды көріп, көңілің орнықты ма? Хатыннан казіргі беталысыңды аңғарып, қатты қуандым. Жана жұмысың қайырлы, арман-тілегің байырғы, сапарың сәтті, татқаның тәтті болсын! Ол жерде Манар аман-есен тұрса, бір жыл ішінде талай нәрсені танып білерсің. Ал партияға өту үшін «Жаксы жұмыс істесе, көрерміз» деудің ішінде салмақты түйін бар. Былайша айтқанда, бұл мерзім — өз ортана, айналана басқан із, барлық болмысыңмен үлгі көрсетуің деген сөз. Сондықтан өзіңнің кабілет-қарымыңды, еңбекқорлығыңды, ар тазалығыңды, арманшылдығыңды, ізденгіштігіңді дәлелдеуің керек.

Өйткені, алақандай ауданда саған сынай қарайтын көз, қия бассан, сөз көп болмак. Соның бөрінен сүрінбей өтсең, бәйгедең келгенің ғой. Болашақ ғалымның көзімен жерге қарамай, өрге қарау, кез келген құбылыстың маң-мағынасына зерделі ден қою — мойнына жүк.

Шаман келсе, шал-кемпірдің аузын бақ! Естелік жазуды ұмытпа! Бір күннің ішінде естіген жаксылы-жаманды оқиға, табылған жауап, тартымды сюжет сенің жеке мүлкің ретінде блокнотыңа түсіп қалуы қажет. Бәрін жазамын демей-ақ кейін жазу үшін материал жина! Ондай ел ішіндегі күрделі тартысты зерттеу, өзіне герой жасап алатын орай уысына бұдан былай түсе бермейді. Бұл — бір.

Екіншіден, кітапхана қолында ғой. Әр оқыған кітабына айтылған сынды, зерттеулерді оқып, оған байланысты өз көзқарасыңды (пікіріңді) жүйелі түрде жазып отыр. Бұл да ұмытып қалмаудың амалы.

Әсіресе, әдеби сын мен зерттеулер қандай ізбен жазылып жүр? Осыған назар аударуың жөн. Манардың айтқаның ұғып, істе дегенін істеп жүрсең, кем болмассың. Ол саған өмір туралы құрығанда жеті-сегіз жыл лекция оқуға жарайды. Кімге болсын ойланып сөйлеу керек. Абыйройың әманда аспандай берсін.

Біз аманбыз. Жұмыс орынша. Кітабымның вереткасын оқып бердім. Жакында (Манар қайтқанша) шығып қалар.

Манар осы айдың 15-інде Алматыға келемін деген еді. Келіп қалуға тиіс. Ал Дәурен шақыру билетін жіберген екен. Бірақ дәл казір бөлімдегілердің дені алысқа кеткендерінен қалғанын ауыл шаруашылығына қуып жатыр. Мені де соған барса деген екен. Бастыым бажылдап жүріп, жібертгірмей алып қалды. Өйткені редакциядағы он бір адамның жұмысын үш-ақ адам істеп отырмыз. Жакында Жанат ағаң келіп кетті әйелі, бала-шағасымен. Ақылбек ағаң баласын оқуға әкелген екен. Осындағы жолдас-жораларымның басын қосып, бәрін бір қоймен алдап жібердім. Ал тойға бара алмай қалсам, жай-күйді түсіндіріп айтарсың. Тілеулеспін.

Берікханнан едел-желді екі хат келді. 1983 жылдың жоспарына өлеңдерін өңдеп, кітабын енгізіп қойдым. Өзі орағанда алдынан қаламақысымен қоса, кітабы шығалды ғой.

Ал вызов жағы сөзсіз баралды. Турағұл өтірік айтатын адам емес. «Оны жіберу қолда» деген сөзін ет құлағыммен, ауызба-ауыз естідім.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын, сазгер, сатирик, этнограф, атбегі Қажытай Ілиясұлы тірі болғанда биыл 80 жасқа толар еді. Осы орайда қаламгердің құдай қосқан қосағы Рудаға арнап жазған бірнеше хатын ұсынып отырмыз.

Бұрын баспасөз бетін көрмеген хаттарды жинақтаған ақынның жары, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Руда ЗАЙКЕНОВА

Қажытай ІЛИАСҰЛЫ:

Рахмет саған, Руда!

академияның бір институтына директор болып ауысты.

Ендігісі түсінікті шығар.

Ал әке-шеше, аға-бауырыңа, апа-жеңгелеріңе сәлем айт! Жарасқа сабап-сабап домбыра үйрет.

Сәлеммен Қажытай
9.08.1981 жс.
(Манар Құрманбеков — Қажекенмен КазГу-дің журналистика факультетінде бірге оқыған әрі досы болған менің ағам. Бұрынғы Семей облысы Абай ауданы Қарауыл селосындағы аудандық газеттің ұзақ жыл бас редакторы болды)

ЕКІНШІ ХАТ:

Қара ала хаты келді дейбішының, *Сипаттап не ғылайын бой-мүсінін?!* *Қарсыласы қазанбас болса-дағы Қасық баспен «заходты» қойғыш інім.* *Иә, Руда, кеше ғана Мәкенмен*, өзіммен сымының ұшында тілдесіп едім ғой. Баласай батырдан сенің атына бір хат келіп қалғандықтан, соның бетін оңғару үшін қайта қалам ұстап отырмын. Алдыңғы хатыңа жазған жауабымды алған шығарсың. Екінші хатың әлі келген жоқ. Жұмысым орынша. Бұрынғы жұмысқа қарағанда бірсыдырғы тыныштау. Бірақ ішкі мазасыздығыммен өлшегенде, бұл да көңілді көншітер емес. Ештеңеге зауқы жоқ есалаң сияқтымын. Қалам ұстасам, бір өңкей зарлаған мұңды дүниелер туалы. Екі әннің текстің түсірдім. Көзі боталаған өте мұңды өлең болып тұр.

Ертен 17 август күні бір топ жазушы алма теруге бармак. Мерзімі — 15 құн, 3 сентябрьде оралады. Осы топтың құрамына іліндім. Манар осы айдың 15 күні келеді ғой деп Ұзынағаштағы Айтбектен бір қой алып, дайындалып едім. Дүйсенбі күні өзімді қуып кеткелі отыр. Енді Әсел келсе, өздері жет жатар.

Ары айтып, бері айтып көндіре алмадым. Тіпті барған соң, бірер күнге суранып келемін бе? Әлде қашып кетем бе, басқа амалы жоқ. Мұны бір ретіне қарап көрермін.

«Маймылдың мәдениеті» Манар қайтқанша шығып қалады. Подписнойны оқып бердім.

Бір талай ақыл-кенес айтып, тапсырмалар берген екенсің. Оның бәрі ойлағыдай орындалады. Оған алан болма!

Сәлеммен: Сенің делқұлы ағаң — Қажытай
16.08.1981 жс.
(Хат басындағы өлең шумағы Баласай (Дәурен) деген менің туған бауырыма арналған. Ол дейбыны



ойнағанда ешкімнен жеңілмейді. Аудандағы жарыстарда үнемі жеңімпаз болады. *Хат маған келгендіктен, соның дейбішылығын алға тартып, хатты менің адресіме қайта жөнелтіп отырғандағы жазғаны екен. Р.З.)*

ҮШІНШІ ХАТ:

Руда, аман-сау жүрсің бе? Аға, жеңгелерің, бауыр-туғаның түгел есен бе? Жұмысқа кірісіп жатырмың дегеніне қарап, баудай түсіріп жүр-ау деп ойлаймын.

Мен сол телефонда сөйлескендегідей Жабағылы Беген барып, Қабдештің де бір тапсырмасын орындадым. Бөттәш, Токтархан, Кенжехандар бастаған, Қайролла Әліпбаев, Боранбайлар қостаған үйлерден дәм таттым. Шақырған үйлердің

Ал әлгі Қызайбай авариядан қайтыс болды. Алматыға келген соң, Мүсілімге барсам отпускала екен. 2 август күні жұмысқа шықпақ. Бүгін звондап ала алмай (кеңседе жоқ) отырмын. 5 август күні үзім теретіндердің тобына тіркелдім. 23 жазушының 9-ы үзімге, қалғаны алмаға аттанысқа шықты ғой. 80-90 тынға баратын жер. Екі күнде бір жегенімнен асқан үзімді үйге әкеліп тұрамын. Еңбекшіқазак ауданының «Гигант» совхозы екен. Нақты адресін тағы жазып жіберемін ғой.

Турағұл (Қоңыров) емтихан алып жүр екен. Тіпті үйінде жоқ. Күндіз-түні андиды ғой оларды. Әңгіме де, қызық та көп. Келгенде естисең, ішегің қатқанша күлесің.

Мына суреттеріңді өткенде ала бара алмай, тағы қара басып, ұмытып кеттім емес пе? Соны салып жібердім. Керектісін алып, қалғанын сақтап қой. Үй мәселесін ертелі-кеш келіп, осы жакында бітіретіндеймін. Өйткені сондай бірденелер табылып тұр.

Сенің жұмысқа орналасуың үшін прописка керек қой. Ендеше, әлгі бір шаруан, біткен бетте (мейлі бітсін, бітпесін) ұзағанда сол 25 августен кешікпей, ынғайланғаның жөн-ау. Әуелі босау үшін өтініш жазғанда «Маған кезекті еңбек демалысын беріп, ары қарай жұмысқа шақырмауыңызды

сұраймын» деуің керек. Демек, алдымен отпусканды аласың. Келген бетте площадь табамыз. Пропискадан кейін жұмыстың мәселесі шешіледі. Мен оны Манарға да айттым.

Ал басқа не жазамын. Өзім әлгі Райхан ағаны орналастыру максатымен (Серіктің әкесі ғой бір жолата көшіп келмекші) бір жерге асығыс бара жатырмын.

Қаршығаның сөзі былай болып шықты.

ҚАРШЫҒА

(Әні мен сөзі К.Ілиясовтікі)
(алғашқы нұсқасы)

Шабытымның жанғандай бар шырағы,
Серуенмен тазарды-ау жан шуағы.
Қаршығадай қағылез қарындас-ай,
Домбыранды алшы кәні.

Қайырма:
Сынап өзен, көк шілік, тамаша тау,
Серітті ғой серідей қаршығалы. Ән шығады.

Толған шағың торқамен тойланғанда,
Төбірендім жеңдіріп бойды арманға.
Домбырадан суырып сұлу ырақ,
Жеткендеймін ойға алғанға.

Қайырма:
Қанша жүрек соққанмен жер бетінде,
Мендей ешкім сен жайлы ойланба ба?

Құйылды әуен көкейге қалай-ғалай,
Мезгіл шіркін өтеді-ау аялдамай.
Қауырсының жетілді қаршығадай,
Қабағыма қарай-ғарай.

Қайырма:
Аспан ашық алдында шар айнадай,
Шарықтайсың япыр-ау,
Қалай ғарай, қалай ғарай.

Кей дыбысты әдейі естілуімен жазып отырмын. Ойыңды айтарсың. Өзің осы хат барысымен хат жаз. Амандығыңды тілеп хат жазған Қажытай.

03.08.1982 жылы

(Мен қазіргі «Абай ауылы» ал кезде «Совхоз туы» газетінде бірге істейтін қызметтестерімнің өтініші бойынша туған күнімді 1982 жылы 6 шілдеде (паспорт бойынша) «Абай жолы» романында айтылатын Құнанбайдың қыстауы Қарашоқы өзенінің бойында (Абай ауданы Қарауыл селосы) табиғат аясында жасадым. Осы ән сол кезде Қажекеннің өз аузынан тұңғыш айтылды Бұл кезде Қажекен Семейге іссапармен келіп, жолай біздің ауылға соғайды. Менің туған күнімді жасайтынымды білееннен кейін Манар ағамнан оңаша бір бөлмені сұрап алып, бір күнде осы өлеңді жазған еді. Мынау Алматыға қайтқаннан кейін арнайы жазып жіберген нұсқасы. Бірақ неізігі жүзге сол кезде айтылғаннан өзгермеген. Осы кезде Абай ауылының тумасы белгілі ақын Мерғали Ибраев та Семейден келіп жатыр екен. Ол да менің туған күніме өлең арнап еді. Жас кезімізде жинап алу дегенді білмейміз ғой. Жоғалттым. Р.З.)

БІЛІМ

Оқушылар тандау жасады

«Тау Тұран» жазғы лагерьінде оқушыларға арналған «Болашақ — менің тандауым!» жобасы өз мәресіне жеті. «Шеврон» компаниясымен «Білім — Орта Азия» білім беру орталығы бірігіп іске асырған жобаға алматылық оқушылар қатысты. Жасөспірімдер әсем шатқалда он күн демалып, көшбасшылық негіздерін үйреніп, әлеуеттерін арттырды. Оларға белгілі психолог, театр актерлері, режиссер, фотограф және дизайнерлер қатарынан құралған тәжірибелі жаттықтырушылар мен тәрбиешілер көмектесті. «Білім — Орта Азия» білім беру орталығының басшысы Лариса Горбунова: «Биыл лагерьде біз ішкі жандүниені тануға, шығармашылық әлеуетті дамытуға, құрбы-құрдастармен қарым-қатынас

құру дағдыларын жақсартуға баса назар аудардық. Бұл мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беруде өте маңызды. Тиімді оқыту қатидасын бірнеше жыл бойы іске асырып келеміз», — дейді.

Жоба аясында талантты оқушылар көрермендерге достық, мамандық тандау, өз ойыңды жеткізу сынды тақырыптарға түсірген бейне роликтерін ұсынды. Сонымен қатар сценарийін өздері жазған тақырыптық спектакльдерін қойды.

Оқушылардың ойлау қабілеті мен жылдам шешім қабылдауына бағытталған жоба әлі де жалғасалы. Жобаға қатысқан әрбір оқушы ұйымдастырушылар тарапынан берілген дипломдармен марапатталды.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — <i>арнаулы тіліші</i> Әбдіманап КЕНЕС — <i>жастар және ғылым</i> Кәмшат ТӨЛЕШОВА — <i>терімші</i> Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — <i>web-sait</i>	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көнесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2171; Бағасы келісім бойынша Апталық таралымы — 8 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында тарапалды, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i>
--	---	--	--

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сіттемесіз көшіріп басуға болмайды.